

ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ТАРАЗСКИЙ ИННОВАЦИОННО-ГУМАНИТАРНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ



«БЕКІТЕМІН/УТВЕРЖДАЮ»

Оқу – әдістемелік жұмыстар  
жөніндегі проректор  
Проректор по  
учебно-методической работе

Кабылбаева Г.А.

« 23 » 01 20 20 г.

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ  
КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН

6B02301 «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша  
2020-2021 оқу жылына  
по образовательной программе 6B02301 «Казахская филология»  
на 2020-2021 учебный год

Элективті пәндер каталогы ТИГУ Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қарастырылды және ТИГУ Ғылыми кеңесінде бекітілді « 23 » 01 20 20 ж. № 6 хаттама.

Жұмыс берушілермен келісілген:

№ 38 орта мектептің директоры: Бейсенғалиева М.С.

Шұғыла-Радуга газетінің бас редакторы: Сансызбайұлы М.Б.

Каталог элективных дисциплин рассмотрен на научно-методическом Совете ТИГУ и утвержден на Ученом Совете ТИГУ, протокол № 6 от « 23 » 01 20 20 г.

Согласован с работодателями:

Директор средней школы №38: Бейсенғалиева М.С.

Главный редактор газеты Шугыла-Радуга: Сансызбайұлы М.Б.

Тараз 2020 ж./г.

**Базалық пәндер (БП) циклы/ Цикл базовых дисциплин (БД) - 79 кредита (ов)**

№	Академиялық кредиттерде/ в академиялық кредиттерде	Пән тізімі/ Перечень дисциплин
1 ТК/КВ	5	<p><b>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Тіл біліміне кіріспе.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Тіл біліміне кіріспе пәні ұлт тілінің ең жоғарғы даму көрсеткіші-әдеби тіл мен оның жалпыхалықтық тілмен, ауызекі сөйлеу тілімен арақатынасы сияқты мәселелердің теориялық-практикалық негізін ұғындыру.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Тіл білімінің дамуы мен қалыптасуын, бұл сала бойынша зерттеген ғалымдардың еңбектерін білу керек.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> Студенттің тілін дамыту, тілдік шығармашылық қабілеттерін жетілдіру; Сөз мәдениетін таныту; Пікірталас мәдениетін жетілдіру; Сөйлеу түрін, сөйлеу тәсілін меңгерту; Студенттердің логикалық ойлауының бір ізді болуын қалыптастыру; Коммуникативтік, практикалық бағыт бойынша студенттерге тіл нормаларын меңгерту; Тілдік сауаттылығын арттыру;</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> мақсатты анықтау және тапсырманы жоспарлау оқытушының көмегімен жүзеге асыру; мақсатты анықтауға оқытушы көмектеседі, ал жұмысты студенттердің өзі жоспарлайды, жұмысты өз ынтасымен жүзеге асырады: мақсатты, мазмұнын, жоспарды анықтайды және орындауға дағдыланады.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b>Тіл білімі саласы бойынша алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыруға, студенттердің тілдік - эстетикалық талғамдарын қалыптастыру; этикет нормаларына сай тіл мәдениетін жетілдіру; сөйлеу әрекетіне қажетті заңдылықтар мен талаптарды меңгерту; шығармашылық қабілеттерін дамыту; қарым-қатынас талаптарына сай іскерліктерде қолдана білу; Пікірталас түрлеріне сай сөз қолдану біліктілігін қалыптастыруға құзыретті.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Бұл пән теориялық және практикалық екі бағытта жүргізіледі. Курстың теориялық бөлімінде тіл білімінің ғылым ретінде танылуы, тіл білімінің ғылымдар арасында алатын орны, басқа ғылым салаларымен байланысы, тіл білімінің зерттеу әдіст ері жайлы мәлімет беріледі, тілдің мәні мен қызметі жайлы, тілдің шығуы мен даму жайында, тілдің лексика, грамматика, фонетика салалары жайлы түсінік беріліп, қазақ тілінің құрылымын, фактілерін ғылыми терең түсінуге, ана тілінің туыс тілдермен генетикалық жақындығын білуіне, ал басқа туыс емес тілдермен типологиялық ұқсастықтарын салыстыруға мүмкіндік береді.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Курстың теориялық бөлімінде тіл білімінің ғылым ретінде танылуы, тіл білімінің ғылымдар арасында алатын орны, басқа ғылым салаларымен байланысы, тіл білімінің зерттеу әдіст ері жайлы мәлімет беріледі, тілдің мәні мен қызметі жайлы, тілдің шығуы мен даму жайында, тілдің лексика, грамматика, фонетика салалары жайлы түсінік беріліп, қазақ тілінің құрылымын, фактілерін ғылыми терең түсінуге, ана тілінің туыс тілдермен генетикалық жақындығын білуіне, ал басқа туыс емес тілдермен типологиялық ұқсастықтарын салыстыруға мүмкіндік береді.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Қазақ тілі мектеп оқулығы.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Қазіргі қазақ тілі фонетикасы.</p> <p><b>2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Тіл білімінің тарихы.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Тіл білімінің тарихы пәні ұлт тілінің ең жоғарғы даму көрсеткіші-әдеби тіл мен оның жалпыхалықтық тілмен, ауызекі сөйлеу тілімен арақатынасы сияқты мәселелердің теориялық-практикалық негізін ұғындыру.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Тіл білімінің дамуы мен қалыптасуын, бұл сала бойынша зерттеген ғалымдардың еңбектерін білу керек.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> Тіл білімінің тарихы-жалпы тіл ғылымының, соның ішінде тіл туралы ғылымның да дамуы бұрын белгісіз тың объектілерді, проблемаларды, зерттеудің жаңа амал-тәсілдерін туғызатыны, осы қағидаға сәйкес тіл біліміндегі әдістер, олар жөніндегі әр түрлі көзқарастар жинақталып түсіндіріледі. Тіл білімінің тарихын қалыптастырудағы ғалымдардың еңбектерін білу керек.</p>

		<p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> мақсатты анықтау және тапсырманы жоспарлау оқытушының көмегімен жүзеге асыру; мақсатты анықтауға оқытушы көмектеседі, ал жұмысты студенттердің өзі жоспарлайды, жұмысты өз ынтасымен жүзеге асырады: мақсатты, мазмұнын, жоспарды анықтайды және өзі орындауға дағдылану.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> студенттерді өз бетінше талдауға; жоспарлауға, жинақтауға; қорытындылауға, салыстыра дәлелдеуге; өзін-өзі бағалауға; өз әрекетінің әлсіз және күшті жақтарын көрсете білуге; нені меңгергенін, нені меңгермегенін анықтауға.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Пән бойынша әлем тілдері, олардың сөйлеу тілі, генеологиялық және типологиялық сипаты, тіл мен ойлаудың, тіл мен қоғамның байланысы, тілдің адамзат өркениетінің дамуына тікелей әсері, ұлттық мәдениеттің өркендеуіне тілдің ықпалы, имаңыздылығы және т.б лингвистикалық мәселелер қарстырылады.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы; тіл білімінің басқа ғылымдар арасында алатын орны, тіл білімінің методологиялық негіздері, жалпы тіл білімінің даму жайы, қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму барысы қамтылады. Қазақ Тіл білімі ғылымның іргелі саласы ретінде қалыптасуын кезеңдерге бөлу; әр кезеңдегі ғылыми еңбектердің тіл білімі саласын ілгерілетудегі үлес – салмағын анықтау; кешенді талдау жасау. Белгілі тілші – мамандардың тіл білімі салаларының дамуы мен қалыптасуына қосқан үлестерін көрсету және жаңа ғылыми бағыттар бойынша жүргізіліп жатқан зерттеулерге шолу. Студенттерге тілдің мәнін, тілдің тарихи дамуы, фонетика, жазу, лексика, сөзжасам және грамматика, тілдердің классификациясы туралы мәліметтер беріледі.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Қазақ тілі мектеп оқулығы.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b>Қазіргі қазақ тілі фонетикасы.</p>
2 ТК/КВ	5	<p><b>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Балалар әдебиеті.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины:</b> Қазіргі кезеңдегі балалар әдебиетінің даму бағыт-арналары мен ақын-жазушылардың танымал туындылары негізінде кеңінен қарастыру.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b>мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, ертегілер, батырлар жырын білуі тиіс.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b>өз бетімен ойлау қабілеттерін дамыту мен Балалар әдебиетіне деген бейімділіктерін педагогикалық-психологиялық негізде ұштай алу қажет.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b>Балалар әдебиетіндегі әдеби тіл нормасын, шығармашылық ойлау операцияларын қолдана алу дағдысын педагогикалық-психологиялық тұрғыда іске асыру дағдысы бар болу қажет. использованием мыслительных способностей с психолого-педагогических позиций.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> болашақ мұғалімінің балалар әдебиетіне үйрету мен тәрбиелеу бағытында педагогикалық-психологиялық біліктілігі болуы керек.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Балалар әдебиеті – бүгінгі әдебиетіміздің өскелең бір саласы. Тәуелсіз заманымызда балалар әдебиеті тәлім-тәрбие, білім беретін өмір оқулығына айналды. Балалар әдебиеті – жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-есін дамытатын, оларды адамгершілікке, үлкен істерге тәрбиелейтін өмір оқулығы. Сондықтан көркем шығармалар арқылы тәрбиелеу, білім мен біліктіліктерін қалыптастыру қамтылған.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Студенттерге теориялық және тәжірибелік тұрғыда білім беру; студенттердің халық ауыз әдебиеті пәнінен алған білімін қайталап еске түсіре отырып, бір ізге салу; қазақ балалар әдебиетінің даму тарихы, балаларға арналған алғашқы оқу құралдарының шығуы туралы; балалар әдебиетінің тәрбиелік мәні туралы; қазіргі заман балалар әдебиеті туралы мағлұмат беру. Балалар әдебиеті – ғылыми-теориялық білім беруді мақсат ете отырып, оның болашақта зерттелуге тиіс проблемаларына байланысты студенттерді ғылыми ізденіске баулу.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b>Қазақ әдебиеті мен хрестоматиясы.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b>Шерхантану.</p> <p><b>2. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Қазақ диалектологиясы.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> жергілікті тіл ерекшеліктерін анықтау, мәтінді мазмұндауға, мәнерлеп оқуға төселдіру., шығарманың стилі мен мәнін түсінуге, сондай-ақ шығармадағы бейнелі сөздер мен көркемдегіш құралдарды тани білуге үйрету.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b>аймақтық тілдік ерекшеліктерді білу қажет.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> өз бетімен ойлау қабілеттерін, бейімділіктерін</p>

		<p>педагогикалық-психологиялық негізде ұштай алу қажет</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> әдеби тіл нормасын, шығармашылық ойлау операцияларын қолдана алу дағдысын педагогикалық-психологиялық тұрғыда іске асыру дағдысы бар болу қажет.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> Мәтіннің сөздік құрамын талдау үлгілерін, тіліміздегі көркем шығарманың стилін, ауызекі сөйлеу стилін, публицистикалық стиль, ресми стиль, ғылыми стиль т.б. стиль түрлері мен тәсілдерін лингвистикалық әдісімен талдау мәселелері</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> қазақ жеріндегі аймақтық тілдік ерекшеліктерге лингвистикалық талдау әдісі арқылы, стилистика мен тіл мәдениетінен алған теориялық білімдерін тәжірибелік біліммен ұштастыруға, көркем шығарманы оқып, ақын-жазушылардың шығармаларының тілімен танысуға, көркем шығарманың стилін айқындауға талдауға мол мүмкіндік алады.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Пәнді оқыту арқылы студенттер қазақ жеріндегі аймақтық тілдік ерекшеліктерге лингвистикалық талдау әдісі арқылы, стилистика мен тіл мәдениетінен алған теориялық білімдерін тәжірибелік біліммен ұштастыруға, көркем шығарманы оқып, көркем шығарманың стилін айқындау, талдау қарастырылған.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Тіл біліміне кіріспе.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы.</p>
ЗТК/КВ	3	<p><b>1. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Қазіргі қазақ тілі фонетикасы.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу заңдылықтарының негізінде студенттерге тілдің дыбыстық жүйесінен, дауысты, дауыссыз дыбыстардан, қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен ерекшеліктерін, үндестік заңынан, орфоэпия мен орфографиядан, сонымен қатар қазақ тілінің фонетикалық даму заңдылықтары туралы теориялық тұрғыдан жүйелі білім беру.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> дыбыстардың анатомия-механикалық жақтарын, тіл дыбыстарының жасалуын, классификациясын, фонетикалық заңдылықтарды, дыбыстық өзгерістер заңдылықтарын білу керек.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> дыбыс өзгерістері заңдылықтарын практикада қолдану, ауызша және жазбаша жұмыс түрлерін орындап машықтану, өздігінен ізденіп мамандану.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> фонетикалық талдау жасау, фонетикалық және практикалық транскрипция, қазақ тілі фонетикасына қатысты өзекті мәселелер төңірегінде, дыбыстарға фонетикалық талдау жасауда, фонетикалық құбылыстарды қарастыруда, қазақ тілі фонетикасын зерттеуші ғалымдарды тану.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> өзін-өзі дамыта білуі; өзінің қызметін бағалай білуі; негізгі мәселені шешудің ең тиімді жолдарын таба білуі; өз алдына мақсат қоя білуі және оны жүзеге асыра білуі; өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білуі; өз бетінше алынған ақпаратты таңдай білуі; түрлі өмірлік жағдайларында тиімді шешім қабылдай білуі;</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылатын қазақ тілі қазақ ұлтының ажырамас бір бөлігі. Сондықтан ұлттың даму кезеңдері мен ерекшеліктері, мәдени-рухани өмірі оның тілінде табылады. Қазақ халқының тілдік қарым-қатынасы басқа да халықтар сияқты дыбыстық тілге негізделіп, өзімен бірге дамып келеді. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен оның дамуы, өзіне тән ерекшеліктері фонетика пәнінің теориялық негізін құраса, оның зерттелуі, синхрониялық, статистикалық, диахроникалық фонетика сияқты зерттеу әдісіне байланысты түрлері; зерттеуде қолданылатын амал-тәсілдер (акустикалық, соматикалық) туралы жалпы мәлімет береді.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Фонетика туралы түсінік. Фонетика, оның нысаны. Қазақ тілі фонетикасының зерттелуі. Фонетикалық зерттеуде қолданылатын әдістердің мақсаты. Транскрипция мен транслитерация. Дыбыстарды қарастырудың аспектілері. Дыбыстардың түрлері және дыбыстар тіркесі. Дауыстылар мен дауыссыздар. Дыбыстық құбылыстар. Буын, бунақ, екпін. Буын. Дыбыс жылысуы. Бунақ. Екпін. Дыбыстардың алмасуы. Буын үндестігі. Тіл үндестігі. Ерін үндестігі. Дыбыс үндестігі. Бейімдестік Үйлестік (ассимиляция). Орфоэпия, графика, орфография. Орфоэпия. Графика. Орфография. Тілдің дыбыстық жағының өзіне тән қасиеттерімен, ерекшеліктерімен, заңдарымен, құрылымымен салаларымен таныстыру. Дыбыстау мүшелері, дыбыс ырғағы, күші, әуені, созылыққылығы және дыбыстардың классификациясы, фонема, фонетикалық единицалар, буын, екпін, дыбыстың өзгеруі мен үндесуі мәселелеріне тоқталу. Сингармонизм, ассимиляция, диссимиляция редукция мен</p>

		<p>элизия құбылыстарына түсінік беру.  <b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Тіл біліміне кіріспе.  <b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Қазақ жазуының тарихы.</p> <p><b>2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Қазақ тіліндегі фонетика.  <b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Студенттерге жүйелі ғылыми-теориялық білім беру, алған білімдерін практикалық және лабораториялық дәрежеде пысықтап, толықтырып бекітіп отыру.  <b>Білуі тиіс/Знать:</b> дыбыстардың анатомия-механикалық жақтарын, тіл дыбыстарының жасалуын, классификациясын, фонетикалық заңдылықтарды, дыбыстық өзгерістер заңдылықтарын білу керек.  <b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> дыбыс өзгерістері заңдылықтарын практикада қолдану, ауызша және жазбаша жұмыс түрлерін орындап машықтану, өздігінен ізденіп мамандану.  <b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> фонетикалық талдау жасау, фонетикалық және практикалық транскрипция. құзыретті болуы тиіс: қазақ тілі фонетикасына қатысты өзекті мәселелер төңірегінде, дыбыстарға фонетикалық талдау жасауда, фонетикалық құбылыстарды қарастыруда, қазақ тілі фонетикасын зерттеуші ғалымдарды тануда.  <b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> өзін-өзі дамыта білуі;өзінің қызметін бағалай білуі;негізгі мәселені шешудің ең тиімді жолдарын таба білуі; өз алдына мақсат қоя білуі және оны жүзеге асыра білуі;өз әрекетінің нәтижелерін бағалайға; өз бетінше алынған ақпаратты таңдауға; түрлі өмірлік жағдайларында тиімді шешім қабылдауға;  <b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Қазіргі қазақ тілі фонетикасының ғылыми мәселелері бойынша табиғи дыбыстардың тіл дыбыстарымен арақатынасы, тіл дыбыстарының жасалуы, олардың сапасы, тілдің ең кіші бөлшегі ретіндегі дыбыстардың қызметі, қазақ тілінің тілінің дыбыстар жүйесі, дыбыстардың бір-біріне әсері, орфографиясы мен орфоэпиясы. Қазақ графикасының даму мен қазіргі жай-күйі туралы нақты ғылыми түсініктер қамтылады.  <b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Қазақ тілі фонетикасының ғылыми мәселелері бойынша табиғи дыбыстардың тіл дыбыстарымен арақатынасы, тіл дыбыстарының жасалуы, олардың сапасы, тілдің ең кіші бөлшегі ретіндегі дыбыстардың қызметі, қазақ тілінің тілінің дыбыстар жүйесі, дыбыстардың бір-біріне әсері, орфографиясы мен орфоэпиясы. Қазақ графикасының даму мен қазіргі жай-күйі туралы нақты ғылыми түсініктер қамтылады.  <b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Тіл біліміне кіріспе.  <b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Қазақ жазуының тарихы.</p>
4ТК/КВ	5	<p><b>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b>Қазақ жазуының тарихы.  <b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Бағзы заманнан бері дамып келе жатқан түркі тілдерінің, атап айтқанда, қазақ тілінің графикалық жүйесінің қалыптасу тарихынан түбегейлі білім беруді көздеуі. Келешек ұрпақ ұлттың ұлылығын, халықтың даналығын танытатын рухани байлығын жоғалтпай биік ұстап, халқымыздың қилы тағдырдағы қадір-қасиетін қастерлеуге тәрбиелеу арқылы тілді меңгерту..  <b>Білуге тиіс/Знать:</b> «Қазақ жазу тарихы» пәнін оқып-үйрену үшін студенттердің «Тіл біліміне кіріспе», «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы», «Нормативті қазақ тілі» пәндерінен білімдері болу қажет. Әсіресе, қазіргі қазақ тілі салаларынан жеткілікті дәрежеде меңгеруге қажетті білік пен білім дағдылары қалыптасу керек. Сондай-ақ, бастапқыда лингвистикалық білім дағдылары мен терминологиялық аппараттан меңгерілген сауаттылық болуы шарт.  <b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> Түркі тілдерінің классификациясына талдай жасай алу; Көне және қазіргі түркі әдеби тілдерінің графикалық жүйелерін білу; Сөз тіркестерін жіктей алу; Жазба мәтіндерді оқып, талдауға тиіс.  <b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> Түркі этнографиясындағы жетістікті, көне түркі руникалық жазуының тарихын, қазақ жазуының тарихы мен дамуын меңгерту дағдыларын игеру.  <b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> осы пән арқылы креативтілік, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, ой-өрісінің кеңдігі, танымдық әрекетке қызығушылығының басымдылық құзыреттілігін қалыптастыру. Алынған білімдер мен біліктерді болашақ мамандардың іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі құзыреттілігін қалыптастыру. Топтағы студенттердің бірлесіп жұмыс істеуді бағалау, адамдар арасында сенімділік, бірін-бірі түсіну, тыңдау, сыйлау, дәстүрді білу, топпен жұмыс жасай алу, орындаушылардың жұмысын дұрыс ұйымдастыру, басқару шешімдерін таба алу және қолдана білу қабілеттері - коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.</p>

		<p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Жалпы қазақ жазу тарихы пәнінің қарастыратын мәселелері жайлы түсінік. Жазу тарихы туралы мәлімет. Жалпы тілдің таңбалық табиғаты жайлы. Жазудың түрлері және олардың сипаттамасы. Палеографияның ескерткіштер түріне қарай бөлінуі. Қазақ жазуының даму кезеңдері. Көне түркі руника жазуы. Көне түркі жазба ескерткіштерінің зерттелуі. Көне ұйғыр жазуының өзіндік сипаты. Таңба ұғымы және алғашқы мағынасы. Араб жазуы жайлы. Араб жазуымен жазылған мұралар. Арша жазуы және басқа жазулармен байланысы жайлы. Төте жазудың жазылу тәртібі. Латын және кириллица жазуы.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> «Қазақ жазуының тарихы» пәні-жазу таңбасы мен дыбыс жазудың шығуы, даму тарихы туралы түсінік береді. Руникалық жазу, көне түркі алфавитінің шығу тегі жөніндегі болжамдар мен зерттеулерге талдау жасайды. Көне түркі алфавиті мен жазуының шығу тегі мен басқа тілдермен байланысын ашып көрсету.</p> <p><b>Пререквизиттері:</b> Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы.</p> <p><b>Постреквизиттері:</b> Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы.</p> <p><b>2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Бауыржантану.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Б.Момышұлының әдеби мұрасын толық жинастырып, басылымға қайта даярлау. Батырдың өсиет сөздерінің қазақ/орыс тіліндегі нұсқаларын салыстыру. Б.Момышұлының өмірі мен әдеби мұрасы туралы қазақ пен бүкіл әлем тілдерінде жазылған деректерді жинастыру болып табылады.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> :Отан, Ұлы Отан соғысы өмір, батылдық, тіл тағдыры, еңбек, оқу-білім т.б. тақырыптардағы туындыларды білу.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> жауынгер-жазушылардың туындыларын.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> оқуға бейімділігі, жазуға шеберлігі, өзіндік пікір айту.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> қолбасшылық, сардарлық, әскери борыш жайында жазылған афоризмдерді қолдануға,Б.Момышұлы туралы мәліметтерді талдау, зерделеу.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Түркі халықтарының әскери әдебиетіне негіз салған жауынгер-жазушы Б.Момышұлының 1941-2011 жылдар аралығында жарық көрген төл туындылары және көркем шығармалар мен естеліктер, зерттеулер толық қамтылған. Мұхамеджан Кәтімханұлының «Төрт тұлға» атты кітабынан Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Шерхан Мұртаза туралы оқырманға беймәлім болып келген тың деректер беріледі. Б.Момышұлының көркем бейне ретінде қалыптасуы мен дамуы жайлы тың ізденістер, әдеби талдаулар жасалады. Белгілі жазушы, драматург Елен Әлімжаннның бұл кітабына қазақтың біртуар ұлы, Совет Одағының Батыры, жазушы Бауыржан Момышұлы туралы жазылған бір әңгіме, бір драмалық шығармасымен бірге бірнеше публицистикалық туындысы қамтылады.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Түркі халықтарының әскери әдебиетінің негізін салған жауынгер-жазушы Б.Момышұлының 1941-2011 жылдар аралығында жарық көрген төл туындылары және көркем шығармалар мен естеліктер, зерттеулер туралы мәліметтер беріледі. Мұхамеджан Кәтімханұлының «Төрт тұлға» атты кітабынан Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Шерхан Мұртаза туралы оқырманға беймәлім болып келген тың деректермен танысады. Б.Момышұлының көркем бейне ретінде қалыптасуы мен дамуы жайлы тың ізденістер, әдеби талдаулар жасалады.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Балалар әдебиеті.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Шерхантану.</p>
5ТК/КВ	5	<p><b>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Шерхантану.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Ш.Мұртаза шығармашылығының бүгінгі зерттелуі жайы, жазушының өмір жолы, шығармашылық қалыптасу кезеңдері туралы ғылыми мәліметтер арқылы білім беру.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b>Шерхан Мұртаза шығармаларын</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> Шерхан шығармаларын талдау, ой қорыту.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> Болашақ ұстаздардың ғылыми-теориялық білімдерінің дәрежесін арттыра отырып, әдеби процестерді тарихи жағынан түсіне алуын қамтамасыз ететін ғылыми дүниетанымын, олардың ерекшеліктерін түсіне алу қабілетін қалыптастыру.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> өз қызметінің мақсатын қоя білу, мақсатты жүзеге асыру жағдайларын анықтау, мақсатқа жету үрдісін жоспарлап, ұйымдастыруға яғни мәселеге сай технологияларды жасай білу; өз жұмысына рефлексия жасай білу,</p>

		<p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Ш.Мұртаза шығармашылығының бүгінгі зерттелу жайы. Жазушының өмір жолы, шығармашылық қалыптасу кезеңдері. Журналистика – Ш.Мұртаза үшін өмірді, қоғам шындығын, оның өзекті жайларын танудың жолы болды. Журналистикадан көркем шығармаға – жазушының шығармашылық қалыптасуының өзіндік бір даралығы. Жазушылық және қайраткерлік – ұлт мүддесі үшін күрес жолы қарастырылады.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> «Шерхантану» курсы Халық жазушысы, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ш.Мұртазаның өмір жолын, шығармашылығын, азаматтық тұлғасын тереңдетіп оқытуға бағытталады. Ш.Мұртаза шығармашылығы желісінде қазіргі қазақ әдебиетінің даму ерекшеліктері талданады. Студенттерге әдебиет теориясы мен көркем шығарманы талдау жолдары бойынша жазушының туындыларын зерделеудің әдіс-тәсілдері ұсынылады.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Бауыржантану</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті.</p> <p><b>2. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы пәні түркі филологиясының қалыптасу, даму тарихымен, өзара түркі тілдерінің әр тілдік салалық ұқсас-ерекшеліктерін, түркі тілдерінің классификациясымен, жазу тарихымен, ертедегі және қазіргі түркі әдеби тілдерінің жүйелерімен, жазба тілдердің қалыптасуымен, олардың мәтіндерін талдау әдістерімен таныстыруды мақсат етеді. Сонымен қатар қазақ тілі жайында бұдан бұрынғы курстарда алған білімін кеңейтіп, тереңдетуіне мүмкіндік береді.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Қазіргі қазақ әдебиетінің тарихын.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> Ғылыми мәліметтер қорын молайту қажет.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыки:</b> пәннің игеру барысын филологиялық талдау жасауға, мәтіндермен жұмыс жүргізе білу</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> оқытушы мен студенттердің бірлесіп жұмыс жасауы нәтижесінде алған білім мен дағдыланып курсты жүргізу тәжірибесінің негізінде түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі тарихы бойынша көне түркі тілінен бастап, бүгінгі тілімізге дейінгі ұқсас-ерекшеліктерді ажырата білуге үйрететіндіктен, студенттерді өздігінен ғылыми ізденіс жасауға бейімдейді.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Кіріспе. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасының танымдық мәні, пәннің мақсат–міндеті. Жалпы түркі тілдерінің зерттелуі (көне дәуір, орта ғасыр, қазіргі кезең және халқы, тілдері туралы алғашқы мәліметтер). Көне түркі және манихей жазуындағы көне ескерткіштерінің тілі. Манихей жазуындағы еңбектер туралы. Руникалық әліпбиден айырмашылығы. Түркі тілдерінің ортағасырлық түркі тілдерінің басты тілдік ерекшеліктері және қазақ тілімен сабақтастығы. Қазіргі түркі тілдеріне қатысты мәселелер. Қазіргі түркі тілдерінің мәселелері. Түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу мәселесі (ұстаным, тәсілдер, фонетика, лексика, грамматика). Салыстырмалы грамматика, лексика. Түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасуы (дәуірлік кезеңдері). Түркі тілдерін дәуірге бөліп қарастыру. Түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасуы (дәуірлік кезеңдері). Түркі тілдерін дәуірге бөліп қарастыру. Түркі тілдерінің жіктелуі (классификациясы). Қазіргі түркі тілдеріне шолу (қазіргі батыс, шығыс тобындағы: бұлғар, оғыз, қыпшақ, қарлұқ, қырғыз-қыпшақ түркі тілдерінің ерекшеліктері) және сипаттау.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» пәні түркі филологиясының қалыптасу, даму тарихымен, өзара түркі тілдерінің әр тілдік салалық ұқсас-ерекшеліктерін, түркі тілдерінің классификациясымен, жазу тарихымен, ертедегі және қазіргі түркі әдеби тілдерінің жүйелерімен, жазба тілдердің қалыптасуымен, олардың мәтіндерін талдау әдістерімен таныстыруды мақсат етеді.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Қазақ жазуының тарихы.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы.</p>
6ТК/КВ	5	<p><b>Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Филологиядағы ІТ</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины:</b> Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Жаңа формация мамандарға инновациялық оқыту тәсілдерін меңгерту. Оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану.</p>

	<p><b>Білуі тиіс/Знать:Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> ақпараттық-коммуникациялық технологияларды</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> түрлі ақпараттық, бейнелік, дыбыстық анықтамалар арқылы білімін жан- жақты жетілдіреді, дамытады;</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> Ақпаратты жіберу және өңдеудің интернет технологиялары, гипермәтінді белгілеу тілі, каскадты кестелер стилі, клиент және серверлік скриптік бағдарламалау тілдерін қолданып интернетресурстарын әзірлеу. ақпараттарды қорғауды жүзеге асыру үрдістерін, әдістерін және құралдарын жүйелі көрсетілуін оқыту, ақпараттық жүйелерді жобалау мен эксплуатациялау үшін ақпаратты қорғау бойынша практикалық дағдыларды игеру болып табылады..</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар - зерттелетін құбылыстардың, объектілердің, үдерістердің тек сыртқы сипатын ғана емес, олардың ішкі мәнін, сондай-ақ, табиғаттың және қоғамның жеке құбылыстары арасындағы байланыстарды ашып көрсетуге мүмкіндік береді, білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудың негізгі құралы компьютер болып табылады, сол себепті қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан жаңа ақпараттық технологиялардың тілін білуі қажет.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Ғылыми-зерттеу орталықтарында игерген білімі негізінде филология саласындағы өзекті мәселелерді, проблемаларды танып, пайымдап, ой қалыптастырып, әрі қарай мәселелерді шешімін табу жолында өзіндік кәсіби деңгейде қадамдар жасау; Филология саласында проблемалық мәселелерді анализдеу, ғылыми жүйелеу, пайымдау, шығармашылық тұрғыдан шешімін табу; синтездеу амалдарын игеріп, өзін өзі таныта алу, дамыта алу; Осы бағытта игерген білімдерінің негізінде өзіндік пайымдауларын (ғылыми мақала, эссе, баяндама, тезис) ғылыми негіздеу.</p> <p><b>Преревизиттер/Пререквизиты:</b> Қазақ жазуының тарихы.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b>Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы.</p> <p><b>Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Білім беру жүйесіндегі ақпараттық технологиялар</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины:</b> студенттерге білім, білік, дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, ерік-жігерлерін, яғни жан-жақты, азат, шығармашыл, өз бетімен жұмыс жасай білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> Қазіргі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану –оқытушының студенттерге көп материал беру емес, нақты меңгерте отырып, нақты тірек –сигнал есебінде өз білімін одан әрі дамытып, әрбір құбылыстың мәнін, ерекшелігін, сапалық деңгейін анықтауға үйрету.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> оқу процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендіру мәселелерін шешудің біртұтас кешенді ғылыми-әдістемелік тәсілін жасау;</p> <p>практикалық қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану әдістемесін жасау; педагогикалық кадрларды оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеруге, оларды оқу үдерісіне ендіруге даярлау</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:;</b> оқушыларды білімдер мен біліктіліктерді игеруге пайдалануға даярлау; оқу ғимаратының материалдық-техникалық қоры; ақпараттық-коммуникацияларды қолдану арқылы оқушы тұлғасын дамыту, компьютерлік сауаттылық; ақпараттық мәдениет;</p> <p>ақпараттық құзыреттілік ақпараттық іс-қимылды үйренеді.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Ғылыми-зерттеу орталықтарында, институттарда филологиялық ақпаратты құрауда, сақтау мен өңдеуде, талдау мен жүйелеу және жинақтауда, оларды ұсынуда қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану. Тіл және әдебиеттану саласындағы әдістемені қолдану барысында әр түрлі сипаттағы ақпараттарды талдау және синтездеу. Тілдерді дамыту орталықтарында ғылыми талдаудың заманауи теориялары мен әдістері негізінде қазақ филологиясы саласында ғылыми зерттеулердің кешенді үдерісін жоспарлау, жүзеге асыру, түзете алу. Қазақ филологиясының негізгі теориялық-әдістемелік қағидаларына сүйене отырып, тіл мен әдебиет тарихы бағыттарының жай-күйі мен үдерістердің бағыттарын бағалау, таным нәтижелерін ортақтастырып, оларды жаңа білім алудың құралы ретінде пайдалану.</p>
--	---



		<p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Микропроцессорлық және жаңа АКТ негізінде қызмет атқаратын ақпаратты таратудың жаңа құралдары мен жүйелері, ақпаратты жинақтау мен олардың қорын жасау, сақтау мен өңдеу, оларды жан - жақты таратуды, одан қалды компьютерлік жүйелердің ақпараттар қорына енуді қамтамасыз ете алатын программалық, программалық - аппараттық және техникалық құралдар мен құрылымдар туралы мәліметтер қамтылады.</p> <p><b>Преревизиттер/Пререквизиты:</b> Қазақ жазуының тарихы.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b>Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы.</p>
7ТК/КВ	3	<p><b>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Хандығы дәуіріндегі қазақ әдебиеті.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины:</b> Аталмыш кезеңдегі пәнде қазақ әдебиеті тақырыптық, идеялық, көркемдік жағынан айрықша ілгерілеу процесін бастан кешіре отырып, жыраулар шоғыры бой көрсеткендігі жөнінде мағлұмат беру. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттің қалыптасуы, дамуына мән бере отырып ақындардың шығармаларын жан-жақты талдау. Ақындардың туындыларымен таныстыра отырып, әр жыраудың шығармаларының табиғаты, сипаты, түрлерін оқыту.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> компенсация және коррекция әдістерін зерттеу, тұтас зерттеуге сәйкес, оларды қолдану, интерпретацияны жасау.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> Монолог, диалог, пікірталас, негізінде проблемалық тақырыптар бойынша талқылаулар өткізу дағдылары меңгеру</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> пәннің мақсатын, міндеттерін білу, ғылыми әдебиеттерді талдауға шығармашылық тұрғыдан келу, тарихи дерек көздерін түсіндіру, қоғамда коммуникативті байланыстарды талдап, көз жеткізе білу, жүзеге асыруға құзыретті.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Пәнді оқыту барысында қазақ елінің тарихы қазіргі түркі тілдес халықтардың қоғамдық, әлеуметтік және рухани өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен қадым замандардан бері өзара байланысы; Бүкіл түркі тілді халықтарға ортақ әдебиет (ҮІ-ХҮ-ғасырлар). Ежелгі түркі тілді әдебиет – бертін келе қазақ халқының эпикалық құрамына енген тайпалардың көне дәуірдегі әдебиеті, олардың ежелгі түркі ру-ұлыстарымен бірге жасаған көркем сөз өнері. Түркі тілді халықтарға ортақ әдебиеттің көп ғасырлық тарихын негізінен үш кезеңге бөліп қарастыру қажеттігі. Бірінші, ҮІ-ІХ ғасырлардағы көне түркі әдебиетінің ескерткіштері («Күлтегін», «Білге Қаған», «Тоныкөк» жырлары, «Қорқыт ата кітабы», «Оғызнаме», Әбу Насыр әл-Фарабидың әдеби мұралары). Екінші, X-ХІІ ғасырлардағы әдебиет (Махмұд Қашғари. «Диуани лұғат ат-түрік»; Жүсіп Баласағұн. «Құтадғу біліг»; Ахмед Йүгінеки. «Хабатул-хақайық»; Ахмет Яссауи. «Диуани хикмат»; Сүлеймен Бақырғани. «Бақырғани кітабы»). Үшінші, ХІІІ-ХҮ ғғ, Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет (Рабғузи «Рабғузи қиссалары»; «Кодекс Куманикус»; «Хорезми. «Мухаббат-наме»; Құтб. «Хұсрау- Шырын»; Сайф Сарай. «Гулистан бит-турки»; Дүрбек. «Жүсіп-Зылиха»; Әбілғазы. «Шежіре-и-түрік»; Қадырғали Жалайыри. «Жамиғ-ат-тауарих»; Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди»; Бабыр «Бабыр-наме»). Қазақ хандығының құрылуы. Қазақтың төл әдебиетінің тууы қамтылады.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Қазақ әдебиетінің сан ғасырларға созылатын өткен жолымен, тағылымға толы тарихи тағдырымен студенттерді барынша жеке таныстыру. Сол арқылы оларда қазақ халқының рухани өмірінің көрінісі болып саналатын әр кездердегі әр алуан дәрежедегі, әр түрлі жағдайда сөз ұстаған арқалы ақындар мен тереңнен толғайтын абыз-жыраулардың шығармашылық болмысы турасында белгілі бір жүйеге түскен сындарлы ұғым, білім қорын қалыптастыру. Асан қайғы, Қазтуғаннан бастап Доспамбет, Шалкиіз, ХҮІІ ғасырда өмір сүрген Жиёмбет, Марғасқа, ХҮІІІ ғасырдағы қазақ поэзиясының соқталы өкілдері Ақтамберді, Умбетей, Бұқар жырау және ақындық поэзияның көрнекті өкілдері-Көтеш, Шал ақындар шығармашылығын қамтып, ежелгі түркілік поэзия мен жыраулық поэзияның сабақтастығы, жыраулар поэзиясының көркемдік негіздері, жыраулық мұралардың тарихилық мәселелері ғылыми-теориялық тұрғыдан түсіндіріледі.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b>Шерхантану.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті.</p> <p><b>2. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Хандық дәуіріндегі әдебиет тарихы.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттің қалыптасуын талдау. Сыпыра жырау, Асан Қайғы, Марғасқа жырау, Доспамбет, Бұқар жырау, Шалкиіз жырау, Шал ақын тағы басқа да ақындардың туындыларымен таныстыра отырып, әр жыраудың шығармаларының табиғаты, сипаты, түрлеріне мән беріледі.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> қазақ әдебиетінің тарихын, халқымыздың тілін, мәдениетін, салт-</p>

	<p>дәстүрі мен әдет-ғұрпын білу, тану.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> студент теориядан игерген білімін практика жүзінде қолдануды игеруі тиіс, зерттеу барысында ғылыми принциптердің негізгі функцияларын игере алуы қажет, эксперимент жүргізу тәсілін игеруі қажет</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> теориялық білімнің негізін біле отырып авторлық, ғылыми шығармашылық идеяларды құра білуге; сыни ойлау тұрғысынан ойлай білуді; дивергентті ойлайды, жағдаяттарды жаңаша шеше білуді игеру керек.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> студент топтық талқының іс-жосығына өз бетімен ілеседі, студенттер топтық жұмыс тапсырмаларына сәйкес жауап береді, өз ойларын ұсына отырып түсіндіреді немесе топтың өзге де мүшелерінің идеяларын, өз қарым-қатынастарын дәйектейді. Студенттер өз бетімен топ алдына қойылған міндетке сәйкес талқылау ережелері мен сұрақтары туралы келіседі, жұмыс соңында шешім жинақтайды, топтық жұмысты орындау аясында міндеттерді бөледі және мойындарына алады, бір-бірінің идеяларын түсіну мен пысықтау үшін сұрақтар қояды, өз идеяларын топтың өзге де мүшелерінің идеяларымен сәйкестендіреді.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Қоғамдық-саяси саладағы өзгерістердің әдебиетке ықпалы, Сыпыра жырау, Асан қайғы, Қазтуғаннан бастап Доспамбет, шалкиіз, ХҮІІ ғасырда өмір сүрген Жиёмбет, Марғасқа, ХҮІІІ ғасырдағы қазақ поэзиясының соқталы өкілдері Ақтамберді, Умбетей, Бұқар жырау және ақындық поэзияның көрнекті өкілдерінің шығармашылығын қамтып, ежелгі түркілік поэзия мен жыраулық поэзияның сабақтастығы, жыраулар поэзиясының көркемдік негіздері, жыраулық мұралардың тарихилық мәселелері ғылыми-теориялық тұрғыдан түсіндіріледі.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Пәнді оқыту барысында қазақ елінің тарихы қазіргі түркі тілдес халықтардың қоғамдық, әлеуметтік және рухани өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен қадым замандардан бері өзара байланысы; Бүкіл түркі тілді халықтарға ортақ әдебиет (ҮІ-ХҮ-ғасырлар). Ежелгі түркі тілді әдебиет – бертін келе қазақ халқының эпикалық құрамына енген тайпалардың көне дәуірдегі әдебиеті, олардың ежелгі түркі ру-ұлыстарымен бірге жасаған көркем сөз өнері. Түркі тілді халықтарға ортақ әдебиеттің көп ғасырлық тарихын негізінен үш кезеңге бөліп қарастыру қажеттігі.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Шерхантану.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті.</p>
8TK/KB	<p>5</p> <p><b>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясына қатысты соны ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, студенттердің білімін тексеру сақсатында, я меңгергенін білу үшін түрлі өздік жұмыс, тест жүйесі, кейбір даулы, қиын тілдік құбылыстар жайында пікірталас тақырыптары алынып жүргізіледі. Өздік жұмыстың маңызы зор. Студенттерді сөзжасам теориясынан алған білімін жаттықтыру мақсатында жүргізіледі. Бұл келешек мамандардың сөзжасам мәселесінен алған теориялық білімін түсінуге, өз ойын дәлелдей білуге дағдыландырады.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Халықтың туған ел тарихын, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын білу, тану.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> қосымша әдебиеттерді, ақпараттың жаңа көздерін, аудио құралдарын, компьютерлерді, ғаламтор технологияларын қолдану.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> теориялық білімнің негізін біле отырып авторлық, ғылыми шығармашылық идеяларды құра білуге; сыни ойлау тұрғысынан ойлай білуді; дивергентті ойлайды, жағдаяттарды жаңаша шеше білуді</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> Сабақта жаңа ақпараттық технологияларды қолдана алу (мультимедия, электронды пошта, Интернет), бірлесіп жұмыс істеуді бағалау, адамдар арасындағы сенімділік, бірін-бірі түсіну, тыңдау, сыйлау, этикет сақтау, дәстүрді білу, дау жан-жалды шеше алу, бұзылған қатынастарды түзету, өз қателігін түсіне білу, топпен жұмыс жасай білу.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы сөзжасамдық жүйе, сөзжасамдық мағына мен сөзжасам тәсілдерін, туынды сөздерді, тарихи туынды және күрделі сөздерді, сөзжасамдық бірліктерді жан-жақты қарастыратын пән болып табылады. Сөзжасамның ішкі заңдылықтары, құрамы, сөзжасамдық нұсқалары, қызметі, мағынасы нақтыланып, жаңа сөз (атау) жасау тәсілдерін, сөзжасаушы тілдік нұсқаларды, сөзжасамдық типтер мен тізбектерді, сөздің жасалу үлгілерін, туынды сөздер мен олардың түрлерін, сөзжасамның сөз таптарына қатысын, қысқасы сөз жасау (сөзжасам) процесімен байланысты барлық</p>

		<p>құбылыстар мен заңдылықтар қамтылған.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Сөзжасамның ішкі заңдылықтары, құрамы, сөзжасамдық нұсқалары, қызметі, мағынасы нақтыланып, жаңа сөз (атау) жасау тәсілдерін, сөзжасаушы тілдік нұсқаларды, сөзжасамдық типтер мен тізбектерді, сөздің жасалу үлгілерін, туынды сөздер мен олардың түрлерін, сөзжасамның сөз таптарына қатысын, қысқасы сөз жасау (сөзжасам) процесімен байланысты барлық құбылыстар мен заңдылықтар қамтылған.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Қазақ жазуының тарихы.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы.</p> <p><b>2. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Етістіктің аналитикалық форманттары/Форматы аналитических глаголов.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины:</b> Етістіктің аналитикалық форманттары – тілдің дыбыс құбылысы мен ондағы дыбыстардың қызметін зерттейді. Бұдан пәнді оқытудағы мақсаткеліп туындайды. Ол – белгілі бір тілдегі тіл дыбыстарын атқаратын қызметіне қарай, яғни белгілі бір тілдің дыбыс құбылысы мен ондағы дыбыстардың қызметтерін зерттеуді мақсат тұтады. Сонымен бірге, бұдан басқа, дыбыстардың сөз құрау (сөздің қазақы естілуін қамтамасыз ету) және шекара белгісі болуы (сөйлеу үстінде бір сөзбен бір сөздің жігін ажыратып отыру) қабілеттерін де зерттеуді мақсат етеді.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> дамыта оқыту технологияларсын, олардың ерекшеліктері, қолдану жолдары</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> студенттер интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерді дамыту.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> дамыта оқыту технологияларын зерттеу әдістері туралы түсініктерін қалыптастырады</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> пән бойынша алған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> «Филология» мамандықтарын даярлау үшін оқытылатын лингвистикалық пәндердің ішіндегі негізгілерінің бірі ретінде саналатын ғылыми-теориялық курс. Ол таңдау пәндерінің қатарына жатады. «Етістіктің аналитикалық форманттары» пәні «Қазіргі қазақ тілі», «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы», «Тіл білімінің негіздері» және «Жалпы фонетика» пәндерімен тығыз қарым-қатынаста туып, дамыған. Олардың аралары бір-бірімен жақын. Әсіресе, ол фонетика ғылымымен өте тығыз байланысты. Өйткені, фонология ғылымы тілдің дыбыс құбылысы мен ондағы дыбыстардың қызметін зерттейді.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Қазақ жазуының тарихы.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы.</p>
9 ТК/КВ	5	<p><b>1. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины:</b> XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихын қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысын қарастыру арқылы әдебиеттің ұлт ой-санасын оятудағы міндетін айқындау. XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиетпен байланысын, дәстүрлі әдебиет үлгісін дамыту мен өзіндік ізденістерден туған жаңашылдықтың белгілерін тану. XIX ғ алғашқы кезеңіндегі әдебиеттегі ірі әдеби тұлғалардың романтизм мен реалистік әдіс-тәсілдерді қатар ала жүріп, өмір шындығын ашудағы өзіндік қолтаңбасын бағамдау. Әдеби бағыттардың ерекшеліктер мен ортақ бірлігін нақтылап, белгілі өкілдерінің шығармашылығы арқылы творчестволық жетістіктер мен кемшіліктерін саралау.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңіндегі әдебиет тарихын; қазақ әдебиетіндегі ағымдар мен бағыттарды; қазақ әдебиетінің зерттелу тарихын білу.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> ақын-жазушылардың шығармаларын оқу, талдау, ғылыми тұрғыдан зерттеуге, өзіндік пікір айтуға, жүйелеуге.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> теориялық білімнің негізін біле отырып авторлық, ғылыми шығармашылық идеяларды құра білуге; сыни ойлау тұрғысынан ойлай білуді; дивергентті ойлайды, жағдаяттарды жаңаша шеше білуді игеру керек.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңіндегі әдебиеттегі жанрлардың пайда болу мен өркендеуінің мән-мағынасын ашуда ерінбей еңбек ету мен оқу. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңіндегі әдебиеттегі ерекшеліктері; Абай дәстүрі мен үлгісін дамытудың сан-</p>

	<p>салалы шығармашылық жетістіктерін меңгеру; аударма саласындағы әдеби байланыстарды зерделеу; қазақ әдебиетінің асыл арналарын талдауға;</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті – ұлттық сөз өнері тарихының елеулі бір кезеңін қамтитын пән. Пәннің мазмұнында ауызша дәстүрлі жыраулық және ақындық поэзияның табиғи сабақтастығы, көркемдік, стильдік жалғастық мәселелері ғылыми-теориялық тұрғыда түсіндіріледі. Сонымен қатар, кезең әдебиетінің қоғамдық-әлеуметтік оқиғалармен, құбылыстармен байланысты дамыған ерекшеліктеріне де ғылыми баға беріледі. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің әлемдік озық көркемдік әдістермен, жанрлық-стильдік шеберлік үлгілерімен үндестігіне де айрықша назар аударылады. Әлемдік әдеби дамудың ортақ заңдылықтарын игерген, жаңашылдықпен түлеген реалистік әдебиетіміздің алыптары шығармаларындағы көркемдік шеберлік сырлары да тереңдетіле оқытылады. Бұл талаптың аясында қазақ сөз өнерінің философиялық, гуманистік-ағартушылық, эстетикалық мазмұнын жан-жақты қамту басты бағдар болады.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> XIX ғасырдағы тарихи әлеуметтік-экономикалық жағдай. XIX ғасыр әдебиетінің саяси-әлеуметтік, көркемдік негіздері. XIX ғасыр әдебиетіндегі негізгі сарындар, саяси бағыттар мен әдеби-көркемдік ағымдар. Қазақ әдебиеті тарихында бұл дәуір әдебиетінің зерттелуі, бағаланып, ғылыми жүйеге түсуі. Әдебиет тарихында XIX ғасыр шығармашылығын хатқа түсіріп, жүйелеп, тұжырымдаудағы Ш.Уалиханов, Г.Потанин, М.Әуезов, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, С.Қирабаев, С.Сәтбаев, т.б. ғалымдар еңбектері қарастырылады.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті.</p> <p><b>2.Пәннің аталуы/ Наименование дисциплины:</b> Қазақ әдебиеттануының мәселелері.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Студенттерді сөз өнерінің басты тектері мен түрлерінің дербес табиғатын жете танып білуге жетелеу, ғылыми әдістерді қолдануға, әдебиеттегі басты ағымдар мен бағыттарды ажыратуға үйрету. Студенттердің әдеби-теориялық білімдерін тереңдетіп, әдебиеттанушылық-зерттеушілік еңбектің негіздерімен таныстырады. Көркем туындыны жан-жақты зерттеп, талдап, салыстырып, оның көркемдік-идеялық мазмұнын ашудың түрлі тәсіл, амалдарына үйретеді.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Әдебиеттану мәселелерін білу керек.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> студенттер коммуникативтік біліктілікті, қажетті жағдайда ауызша және жазбаша (сөз, тыңдап түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым-қатынас процессінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастыруды қамтамсыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік-мәдени білім, білік дағдыларды игеруі.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> Студенттерді аталмыш пән бойынша көркем әдебиеттің әлеуметтік-эстетикалық маңызы мен мәнін, ерекшеліктері туралы мәліметтерді олардың қабылдауына ыңғайлап топтастыру арқылы көркем әдеби шығармаларды талдау мен бағалауға дағдыландыру.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> Әдебиеттану мәселері бойынша қайталау сабақтарында, оқыған мәтіндерінен өз беттерінше тест тапсырмаларын құрастыру; сабақта проблемалық жағдай жасау; тың деректерден жаңа білімді ала білу, пайдалану, іздену; реферат жазу;</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңіндегі қиын-қыстау жолындағы талқыдан өткен, әдеби-тарихи, әдеби-теориялық, сыншылдық-эстетикалық ой-пікірді өркендетуде білімі мен біліктілігі, ғылыми сауаттылығы мен табандылығы жоғары әдебиетші, сыншы ғалымдар шоғыры пайда болды. Олар өздерінің туып, қалыптасу кезеңін толық аяқтап, 1970 жылдан бастап даму кезеңіне қадам басқан Қазақ әдебиеттану ғылымының алдына заман тартқан күрделі де көкейтесті мәселелерді шешуге жұмыла кірісті. 1970 – 80 жылдары ғылыми-зерттеу жұмыстары маркстік-лениндік әдіснама ықпалында болса да ұлттық әдебиетті тарихи, теор. тұрғыдан тексеру жұмыстарында табысты қадамдар жасала бастады. Әдебиеттің тарихи бағыттары мен жекелеген жанр түрлерінің қазақ әдебиетінде өсіп-өркендеу жолдары моногр. тұрғыда жан-жақты сөз болып, теориялық мәнде нақтылы ғыл. тұжырымдар жасалынды. 1990 жылдан бастап, тәуелсіздік пен еркіндік жағдайында кеңестік кезеңде кеткен қателіктер мен “ақтаңдақтар” қайта қарастырылып, жаңаша бажайлау жұмыстары жүргізілді. Қазақ әдебиеттану ғылымы өзі пайда болғанға дейінгі тарихи алғышарттар кезеңінен бастап бүгінгі күнге дейінгі аралықта, негізінен мынадай нәтижелерге қол жеткізді: бүкіл түркі халықтарына ортақ ежелгі дәуірдегі әдеби мұраны игеруден басталған сыншылдық-эстет., әдеби-тарихилық, әдеби-теориялық сипаттағы</p>
--	---

		<p>ізденістер ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір дәрежесіне дейін көтерілді; әдеби мұраның өте мол қоры жинақталды; қазақ фольклортану ғылымы жеке сала болып оңаша отау тікті, оның жазба әдебиетпен байланысы жан-жақты зерттеліп, түйінді тұжырымдар жасалды; қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі әдебиет тарихының көрнекті өкілдерінің өмірі мен шығармашылық мұрасы ғылыми тұрғыда тексеріліп, монографиялық тұрғыда тұтас және толық қарастырылды.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Қазақ әдебиеттану ғылымы алдында тұрған келелі міндеттер. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің қазіргі жай-күйі. А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, Ш.Құдайбердиев, т.б. ғалым-қаламгерлердің қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясына, сынына қатысты ой-пікірлері мен тұжырымдары және оған қазіргі көзқарас. Әдебиеттанудағы халықтық, ұлттық мәселелер. Кеңес дәуіріндегі әдебиеттің таптығы, партиялылығы деген пікірлердің саяси-идеялогиялық астары, социалистік реализм әдісі және оны бүгінгі күн тұрғысынан бағалау. Төңкеріске дейінгі әдеби сын. Жеке әдеби тұлғалар мен әдеби процесс туралы ой-пікірлер. Қазіргі әдеби сынның даму бағыттары. Қазақ әдебиеттану ғылымының бүгінгі келелі мәселелерін жан-жақты талдау, түсіндірумен қатар, оларды соңғы жылдары жарық көрген монографиялармен, зерттеу мақалалармен таныстыру, бүгінгі әдебиеттану бағытын аңғартатын пікірлермен, негізгі идея, басты ағымдарды түсіндіру, өзара салыстыру, алда тұрған өзекті мәселелер мен зерттеудің жаңа әдістемелері мен әдіс-тәсілдері қамтылады.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Әлем әдебиетінің тарихы.</p>
10 ТК/КВ	5	<p><b>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Түркітануға кіріспе және салыстырмалы грамматика</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> «Түркітануға кіріспе және түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» пәні түркі филологиясының қалыптасу, даму тарихымен, өзара түркі тілдерінің әр тілдік салалық ұқсас-ерекшеліктерін, түркі тілдерінің классификациясымен, жазу тарихымен, ертедегі және қазіргі түркі әдеби тілдерінің жүйелерімен, жазба тілдердің қалыптасуымен, олардың мәтіндерін талдау әдістерімен таныстыруды мақсат етеді. Сонымен қатар қазақ тілі жайында бұдан бұрынғы курстарда алған білімін кеңейтіп, тереңдетуіне мүмкіндік береді.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Әрбір студент бұл пәннің атауына қарап, қазақ халқының түркі әлемінде алатын орны мен мәнінен толықтай мәлімет алып, оны келешекте оқу процесінде пайдасына асырып қана қоймай, оқушыларға үйретіп, туыстас тілдер жағынан сауатты білім беруге тиіс екенін танып, білу қажет.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> 1. Түркі тілдері жайлы өз пікірін, ойын дұрыс жеткізе білу, оң немесе теріс жауап бере білу;</p> <p>2. Пәннің мақсат-міндетін толық түсіну және меңгеру;</p> <p>3. «Түркітануға кіріспе және түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» пәнін оқу арқылы елінің тарихын, тілін, ерекшеліктерін және жалпы әлемдік тілдер деңгейінде жан-жақты білім алу;</p> <p>4. Теориялық және өзіндік қызығушылық сұрақтарды қоя білу және мысалдар мен деректер арқылы өзінің ойын дәлелдей білу.</p> <p>5. Салыстырмалы грамматиканың негізін, тарихын білу және осы әдіс арқылы статистикалық мәліметтер жасауға бейімдеу.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> ғалымдардың негіздерін, еңбектерін тану, зерттеу мақсаттарына қарай түрлерін айыру, қай ғылымдар тобына жататындығы мен басқа да ғылымдармен байланысын анықтау; толық салыстырмалы грамматиканы меңгеріп, саралай білу, түркі тілдерінің шығуы жайындағы теориялардан және дамуы жайлы мәлімет алу; даму кезеңдерін айта білу.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> Пәнді оқыту аяқталғаннан кейін студенттің меңгеретін білімдік, іскерлік дағдылары: курстың қоғамдық мәні мен қызметін тану; жалпы туыстас түркі тілдерінен, нормаларынан түсінік алу; ұқсас-ерекшеліктерін және оның басқа да қызметтерін білу</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Кіріспе. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасының танымдық мәні, пәннің мақсат-міндеті. Жалпы түркі тілдерінің зерттелуі (көне дәуір, орта ғасыр, қазіргі кезең және халқы, тілдері туралы алғашқы мәліметтер). Көне түркі және манихей жазуындағы көне ескерткіштерінің тілі. Манихей жазуындағы еңбектер туралы. Руникалық әліпбиден айырмашылығы. Түркі тілдерінің ортағасырлық түркі тілдерінің басты тілдік ерекшеліктері және қазақ тілімен сабақтастығы. Қазіргі түркі тілдеріне қатысты мәселелер. Қазіргі түркі тілдерінің</p>

мәселелері. Түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу мәселесі (ұстаным, тәсілдер, фонетика, лексика, грамматика). Салыстырмалы грамматика, лексика. Түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасуы (дәуірлік кезеңдері). Түркі тілдерін дәуірге бөліп қарастыру. Түркі тілдерінің жіктелуі (классификациясы). Қазіргі түркі тілдеріне шолу (қазіргі батыс, шығыс тобындағы: бұлғар, оғыз, қыпшақ, қарлұқ, қырғыз-қыпшақ түркі тілдерінің ерекшеліктері) жан-жақты қарастырылған.

**Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:** Тіл білімінде жаңа бағытта қарқынды дамып келе жатқан түркі тілдерінің грамматикасы да орын алып отыр. Түркітануға кіріспе және салыстырмалы грамматикасы пәні бойынша түркі тілдерінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тұрғыдан тілдік ұқсас ерекшеліктері және типтік, туыстық жақтан топтастырылуы мен жіктелуіне байланысты мәліметтер жинақталып қамтылды.

**Пререквизиттер/Пререквизиты:** Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы.

**Постреквизиттер/Постреквизиты:** Қазақ тілін оқыту әдістемесі.

**2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:** Қазақ тілінің тарихи грамматикасы

**Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:** Қазақ тілінің тарихи грамматикасы пәні қазіргі түркі тілдеріне ортақ мұралар тарихы мен тілдік ерекшеліктерінен хабар беруді мақсат етеді. Егер орта ғасырдың соңғы кезеңдеріне қатысты қыпшақ жазбаларын еске алмасақ, мұндай курс қазіргі түркі тілдес мемлекеттердің бәрінде де бір сипатта, бір мақсатта оқылады. Пән қазақ тілінің оқылуын жан-жақты көрсетумен бірге тарихи лексиканы қарастыруға, қазақтың халық болу процесі кезіндегі тіл құрылымын, қазақ тілінің фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылымының даму жолын тарихи тұрғыдан түсіндіруге, түркі тілдерінің ішінде қазақ тілінің орнын анықтау үшін түркі тілдерінің жіктелуін қарастыруға, грамматикалық құрылыстың тарихи даму эволюциясын білу ескі, жаңа түркі тілдері фактілерін қазіргі қазақ тілі фактілерімен салыстырып зерттеуге мақсатталады.

**Білуі тиіс/Знать:** қазіргі қазақ-түркі тілдеріне ортақ мұралардың тарихы мен тілдік ерекшеліктерінен, қазақ тілінің оқылуын жан-жақты көрсетумен бірге тарихи лексиканы қарастыруға, қазақтың халық болу процесі кезіндегі тіл құрылымын, қазақ тілінің фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылымының даму жолдарын білу

**Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:** түркі тілдерінің ішінде қазақ тілінің орнын анықтау үшін түркі тілдерінің жіктелуін қарастыруға, грамматикалық құрылыстың тарихи даму эволюциясын білуде ескі, жаңа түркі тілдері фактілерін қазіргі қазақ тілі фактілерімен салыстырып зерттеуге бейімделіп, білім сапасын тереңдетеді

**Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:** тарихи грамматика теориясы мен практикасы негізінде өзіндік жұмыстар жазу, рефераттар жазу, әртүрлі тест құрау сияқты жұмыстарды жасауға бейімделеді

**Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:** Аталынған курс бағдарламасы студенттердің осы базалық білімдік негіздеріне сүйенеді. Дәріс сабақтары практикалық сабақтармен байланыстырылып, студенттер практикалық икемдік дағдыға ие болады және өздік жұмыстар, оқытушы мен студенттердің бірлесіп жұмыс жасауы нәтижесінде алған білім мен дағдылар тиянақталатын болады.

**Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:** Жоғары оқу орындарының оқу жоспарында «Көне жазудың тарихы», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» деп аталатын бір-бірімен үндес курстар бар. Бірақ, «Көне жазудың тарихы» негізінен қазіргі түркі тілдеріне ортақ жазба мұралар тарихы мен тілдік ерекшеліктерінен хабар беруді мақсат етеді. «Қазақ тілі тарихи грамматикасы» курсының аталған курстан принциптік ерекшелігі бар. Ең алдымен, тарихи грамматика бүгінгі тілдің фонетикалық, грамматикалық құрылымының осы күйге жету жолын, эволюциясын тарихи-салыстырмалы әдіс т.б негізінде түсіндіруді міндет етеді. Сондықтан тарихи грамматика курсы сөздердің грамматикалық кластарға жіктелу тарихын, жеке грамматикалық категориялардың қалыптасу эволюциясын, дыбыстар жүйесінде болған тарихи өзгерістерді, олардың тілдік лексикалық қорына, грамматикалық құрылымына әсері тәрізді мәселелерді анықтайды. Сонымен бірге тарихи грамматика курсына қажетті тарихи фактілер береді, студенттерді осы курсты тыңдауға дайындайды. Екінші бір айырмашылық – халықтардың қалыптасу дәуірінде, сондай-ақ даму барысында болып отырған әртүрлі экстралингвистикалық факторлар белгілі бір грамматикалық категория ретінде немесе грамматикалық тұлғаның қалыптасу тарихын түсіндіретін қосымша дәлел ретінде қаралады. Жалпы бағдарлама қазақ тілінің дамуын жан-жақты көрсету мақсатында қамтылып отыр. Жеке тұлғалардың функциялық өзгерісі де байқалып отырады. Мұның бәрі жеке грамматикалық тұлғалардың дамуын тануда үлкен көмек екені

		<p>анық. Мәселен, ескі қыпшақ тілінің фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылысы жайлы бізге жеткен мәліметтер, бір жағынан, ескі дәуірден кейін болған тарихи өзгерістерді көрсетсе, екінші жағынан, қазақ халық тілінің алғашқы арнасын байқатады. Сол сияқты тарихи грамматика көне түркі тілінен бастап, бүгінгі тілімізге дейінгі ұқсас-ерекшеліктерді ажырата білуге үйретеді және өздігінен ғылыми ізденіс жасауға бейімдейді. Жалпы студент қазақ тілінің тарихи грамматикасын оқып бітіргеннен соң өздігінен қазақ тілінің құрылысының даму жолдарын тарихи тұрғыдан түсіндіруге және пән жайында қажетті де нақты мәліметтер бере алуға тиіс.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Қазақ тілінің тарихи грамматикасы-қазіргі қазақ тілі бойынша алынатын білімді тереңдете отырып. Қазақ тілінің тарихи лексикалық қоры мен құрамын, толығу жолдары мен жүйесін, тіл тарихының қалыптасу, кемелдену жолындағы фонетикалық өзгерістердің ролін, этимологиялық және этнолингвистикалық ерекшеліктерін, сөзжасам жүйесі мен оның теориялық номинациялық қисындарын, грамматикалық құрылымындағы тұлғалық және қызметтік, мағыналық өзгерістердің себебі мен салдарын, сөз және сөйлем құрылымының күрделену сипатын т.б ғылыми негіздеп кешенді түрде оқыту. Студент қазақ халқының этногенездік құрамына сәйкес халық тілінің қалыптасу ерекшеліктерін, дыбыстық сипаты мен грамматикалық құрылымының ғылыми негіздерін, ұлт тілі ретінде өсу, даму жолдарын онтологиялық бағдарда кешенді түрде меңгерту.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Қазақ тілін оқыту әдістемесі.</p>
11 ТК/КВ	5	<p><b>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихын қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысын қарастыру арқылы әдебиеттің ұлт ой-санасын оятудағы міндетін айқындау. XX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиетпен байланысын, дәстүрлі әдебиет үлгісін дамыту мен өзіндік ізденістерден туған жаңашылдықтың белгілерін тану. XX ғ алғашқы кезеңіндегі әдебиеттегі ірі әдеби тұлғалардың романтизм мен реалистік әдіс-тәсілдерді қатар ала жүріп, өмір шындығын ашудағы өзіндік қолтаңбасын бағамдау. Әдеби бағыттардың ерекшеліктер мен ортақ бірлігін нақтылап, белгілі өкілдерінің шығармашылығы арқылы творчестволық жетістіктер мен кемшіліктерін саралау.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> XX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңіндегі әдебиет тарихын; қазақ әдебиетіндегі ағымдар мен бағыттарды; қазақ әдебиетінің зерттелу тарихы; XX ғасырдағы айтулы тұлғалардың шығармашылығын бүгінгі көзқарас тұрғысынан бағалау</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> ақын-жазушылардың шығармаларын оқу, талдау, ғылыми тұрғыдан зерттеуге, өзіндік пікір айтуға, жүйелеуге</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыки:</b> теориялық білімнің негізін біле отырып авторлық, ғылыми шығармашылық идеяларды құра білуге; сыни ойлау тұрғысынан ойлай білуді; дивергентті ойлайды, жағдаяттарды жаңаша шеше білуді игеру керек.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> XX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңіндегі әдебиеттегі жанрлардың пайда болу мен өркендеуінің мән-мағынасын ашуда ерінбей еңбек ету мен оқу. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңіндегі әдебиеттегі ерекшеліктері; Абай дәстүрі мен үлгісін дамытудың сан-салалы шығармашылық жетістіктерін меңгеру; аударма саласындағы әдеби байланыстарды зерделеу; қазақ әдебиетінің асыл арналарын талдау;</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуы жолындағы аса күрделі кезең болған XX ғасырдың басындағы небәрі жиырма жылмен шектелетін тарихи қысқа дәуірдегі әдеби процесті қамтитын бұл пәннің аясында студенттерге, болашақ филолог мамандарға аталмыш кезеңдегі ұлттық әдебиеттің, көркемдік-эстетикалық ой-сана дамуының ой-сана дамуының жайынан мәлімет беріледі. Бұл кезең ұлт әдебиетінің даму тарихындағы «алтын ғасыр» болды. Атап айтқанда, осы тұста қазақ әдебиеті тақырыптық, идеялық, жанрлық, көркемдік жағынан айрықша ілгерілеу процесін бастан кешірді. Әдебиеттің барлық жанрларында жаңашыл сипаттағы тың тынысты шығармалар өмірге келді. Аса талантты қаламгер шоғыры бой көрсетті. Бұл кезең әдебиеттің ұлы іргетасын қалаған реалистік әдебиет дәстүрі басты негіз болды. Пәнді оқыту барысында студенттерге сол кезеңдегі тұтас әдеби процесс, ондағы түрлі ағымдар мен бағыттар, сол мәселелер жайында әр кезде қалыптасқан түрлі дұрыс-бұрыс түсініктер мен пайымдаулар төңірегінде талдаулар ұсынылады, сондай-ақ, XX ғасырдың басында ғұмыр кешіп, қалам тербеген, осынау күрделі де жауапты тұста ұлт әдебиетінің ауыр жүгін арқалаған</p>

	<p>талантты ақын-жазушылар мен олардың көрнекті-көрнекті шығармалары, жалпы әдеби мұралары жөнінде кең көлемді мағлұматтар беріледі.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Қазақ әдебиеті тарихи кезеңдерінің ішінде ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті не бары жиырма жылды қамтығанымен де қазақмәдениеті, әдебиеті жалпы руханияты дамуының күрделі кезеңіне сәйкес келеді. Бұл тұстағы қоғамдық, әлеуметтік, саяси жағдай қазақ әдебиетіне тікелей әсер етті, қаламгерлер шығармашылығында көрініс тапты. Әдеби үдерісте түрлі ағымдар мен бағыттар болды. Қаламгерлердің қоғамдық, саяси көзқарастары әр қилы қалыптасты. Сондықтан да әрбір ақын, жазушының шығармашылық ұстанымын талдап, тану пәннің өзектілігін танытады. Мақсаты: Жоғары оқу орындарында «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын игеретін студент жастар үшін «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» пәні негізгі пәндердің бірі болып саналады. Пәннің негізгі мақсаты филолог мамандарға осы күрделі кезең әдебиетін жаңаша көзқараста, мүмкіндігінше жаңа материалдарды, фактілерді қамтып, сол кездегі саяси тарихи, қоғамдық жағдай тудырған жайттарды ескере отырып, қаламгерлер шығармалары арқылы талдап көрсетіп әдеби дамудың қыр-сырларына жете үңілу тұрғысынан түбегейлі білім беруді көздейді.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті.</p> <p><b>Постреквизиттер/ Постреквизиты:</b> Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ әдебиеті.</p>
	<p><b>2. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Қазақ лирикасы.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Курс түгелдей алғанда бүгінгі күні жалпы халық қолданып жүрген қазақ әдеби тілінің (ауызекі, жазба варианттарының) фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйесін ғылыми-теориялық негізде танытуды мақсат етеді. Өткен ғасырдағы ғылым мен мәдениет салаларында етек жайған ақтаңдақтардың орнын толтыруға, халықтың шынайы рухани мұрасын сын көзбен қайта ой елегінен өткізіп, өзіне қайтаруға жағдай жасады. Көптеген жылдар бойы ұмыт болған жазушылар, ақындар, философтар, тарихшылар шығармашылығына әділ баға беріліп, бұрын «тыйым» салынған бір қатар мәселелер өзекті деп танылды.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Ақын-жазушылардың шығармаларын толықтай білуі керек, қай ғасырға жататынын ажырата білуі керек, пәндегі ұғымдар мен категорияларды эстетика қағидаларымен тамырлас алып, жан-жақты терең қамта білуі керек.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> Әдеби сын тарихы пәні әдебиеттегі басты ағымдар мен бағыттарды ажыратуға, көркем туындылардың жанрлық ерекшеліктерін талдау.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыки:</b> Тарихи әдеби процестердің негізгі ерекшеліктерін, оның әдебиет пен мәдениеттің келешектегі дамуына дүниетанымдық, көркемдік, ұлттық ерекшеліктерінің құрылуын меңгеруі керек. игеруі тиіс: Халық ауыз, хандық, ежелгі және тарихи көркем, лирика, поэма, дастан, романдар туралы игеру білімдерін сабақ барысында қолдана білуі керек.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> Тарихи әдеби процестердің негізгі ерекшеліктерін, олардың әдебиет пен мәдениеттің келешектегі дамуына дүниетанымдық, көркемдік, ұлттық ерекшеліктерінің құрылуына әсер етуін талқылауда құзыретті болуы керек.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Шығармашылық бағыттағы ой-толғаулар, өзіндік пікірлер, ғылыми мақалалар мен аннотациялар, түйіндемелер, сараптамалар. М.Әуезовтен бастау алатын қазақ әдеби сынының зерттеушілері: Т.Кәкішев, Д.Ысқақұлы, Р.Нұрғали, Т.Қожакеев, С.Әшімбаев және т.б зерттеушілердің еңбектерінің негізінде әлемдік сыни еңбектермен байланысы мен айырмашылығы туралы мәліметтер қарастырылады. Қазақ халқының рухани өмірінің көрінісі боп саналатын әр кездердегі әр алуан дәрежедегі, әр түрлі жағдайда сөз ұстаған арқалы ақындары мен тереңнен толғайтын абыз-жырауларының шығармашылық болмысы турасында белгілі бір жүйеге түскен сындарлы ұғым, білім қорын қалыптастыру. Халықтың ауыз әдебиеті мен жеке авторлар шығармашылығының рухани үндестік табуы арқылы жасалған асыл қазына – ұлт әдебиетінің нәрлілігі мен әрлілігіне тұщындыру арқылы, олардың туған ұлтына деген мақтаныш сезіміне дем беру, сол арқылы студенттердің санасын сәулелендіру.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Шығармашылық бағыттағы ой-толғаулар, өзіндік пікірлер, ғылыми мақалалар мен аннотациялар, түйіндемелер, сараптамалар. М.Әуезовтен бастау алатын қазақ әдеби сынының зерттеушілердің еңбектерінің негізінде әлемдік сыни еңбектермен байланысы мен айырмашылығы туралы мәліметтер қарастырылады. Қазақ халқының рухани өмірінің көрінісі боп саналатын әр кездердегі сөз ұстаған арқалы ақындары мен тереңнен толғайтын абыз-жырауларының шығармашылықтарымен білім қорын қалыптастыру.</p>



		<p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ әдебиеті.</p>
12 ТК/КВ	5	<p><b>1. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Ұлы Отан соғысы жылдардағы қазақ әдебиеті</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Ұлы Отан соғысы туралы әдебиеттің өзекті мәселелерінің бүгінгі әдеби процеспен байланыстылығы. Көркем шығармалар мен көрнекті қаламгерлердің өмірбаянын, шығармашылық ізденістерін, олар туралы іргелі зерттеулер мен еңбектерді барынша толық қамту, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әдеби даму мен дәстүрдің диалектикалық үйлесімінің қаншалықты дәрежеде болғандығын түсіндіру.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> соғыстан кейінгі кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиетінің тарихын, халқымыздың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын білу, тану.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> студент теориядан игерген білімін практика жүзінде қолдануды игеруі тиіс, зерттеу барысында ғылыми принциптердің негізгі функцияларын игере алуы қажет, эксперимент жүргізу тәсілін игеруі қажет</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> теориялық білімнің негізін біле отырып авторлық, ғылыми шығармашылық идеяларды құра білуге; сыни ойлау тұрғысынан ойлай білуді; дивергентті ойлайды, жағдаяттарды жаңаша шеше білуді игеру керек.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> берілген тапсырманы орындау үшін қандай түсінігі бар екенін көрсетеді; берілген ақпараттың ішінен қажеттісін анықтайды; сөздікпен жұмыс істейді, берілген тапсырманы орындау үшін өздігінен анықтамалық әдебиеттен ақпаратты тауып, сұрыптайды, берілген тапсырманы орындау үшін ізденіс жұмысын жоспарлайды.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Әдеби процес пен әдебиет тарихы жөнінде хронологиялық ұстанымды сақтай отырып, әдебиеттану ғылымының қол жеткізген бүгінгі табыстары негізінде студенттерге барынша толық, тиянақты білім беру және қоғамдық-саяси саладағы өзгерістердің әдебиетке ықпалы, қазақ қаламгерлерінің шығармашылық белсенділігінің артуы, заман шындығын суреттеген прозалық туындылар, тарихи романдардың жарық көруі, әдеби процесс пен сын, қаламгерлер шығармашылығының дербес зерттеле бастауы, әдебиет тәжірибесін теориялық, практикалық үрдіс бойынша оқыту мәселелер қамтылады.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ әдебиетінің тарихы-қазақ әдебиетінің тарихындағы маңызды да күрделі кезең болып табылады. Сондықтан әдеби процес пен әдебиет тарихы жөнінде хронологиялық ұстанымды сақтай отырып, әдебиеттану ғылымының қол жеткізген табыстары негізінде студенттерге барынша толық, тиянақты білім беру. Жазушы-жауынгер, жазушы-ақындардың майдандағы ерліктері туралы мәліметтерді зерделеу. Ұлтжандылыққа көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қоғамдық-саяси саладағы өзгерістердің әдебиетке ықпалы, қазақ қаламгерлерінің шығармашылық белсенділігінің артуы, заман шындығын суреттеген прозалық туындылар, тарихи романдардың жарық көруі, әдеби процес пен сын, қаламгерлер шығармашылығының дербес зерттеле бастауы, әдебиет тәжірибесін теориялық тұрғыда қорыту мәселелері қарастылады.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті <b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Әлем әдебиеті</p> <p><b>2. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Драма теориясы.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Драма теориясы пәні әлемдік және қазақ драматургиясындағы басты ағымдар мен бағыттарды ажыратуға, көркем туындылардың жанрлық ерекшеліктерін талдауға үйрету, ең бастысы студенттердің ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> әлемдік деңгейдегі драматургия мен қазақ әдебиетіндегі драма жанрының өкілдеріне, әдеби оқулықтарға қатысты айтылған сын пікірлерді білуі керек. меңгеруі керек:</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> студенттерді сөз өнерінің басты тектері мен түрлерінің дербес табиғатын жете таныту. Ғылыми әдістердің қолданылуы, әдебиеттегі басты ағымдар мен бағыттардың ерекшеліктері, сындар мен сыншылардың еңбектерін талдау ұсынылады.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> өзекті мәселелерді тарихи тұрғыдан жан-жақты қарастырып, бай әрі бағалы деректер негізінде нұсқалы, терең талдау жасауды игеруі тиіс</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> Драма және драматургия жанры бойынша қамтылған барлық мәселелер жөнінде, әдебиеттің ұлттық сипатын, әдет-ғұрып, салт-сана</p>

		<p>көріністерін жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, шығарманың идеялық-адамгершілікті мәні мен маңызын танытуда құзыретті болуы тиіс.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Шығармашылық бағыттағы ой-толғаулар, өзіндік пікірлер, ғылыми мақалалар мен аннотациялар, түйіндемелер, сараптамалар, М.Әуезовтен бастау алатын қазақ драматургиясын зерттеушілер С.Ордалиев, Р.Нұрғали, Т.Қожакеев, С.Әшімбаев және т.б зертеушілердің еңбектерінің негізінде әлемдік сыни еңбектермен байланысы мен айырмашылығы туралы мәліметтер қарастырылады.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Драма жанрының қалыптасуы мен тарихына шолу. Адам өміріндегі оқиғалы әрекеттер—драматургия негізі. Драматургияның даму тарихы. Өнер түріндегі театрдың ерекшеліктері. Театр өнерінің элементтері—драматургия, актер шеберлігі, режиссура, декорациялық безендендіру және музыкалық сүйемелдеу. Сахналық өнер мен драматургияның жанрлары. Драма, комедия, мелодрама, водевиль, фарс, мюзикл, трагикомедия. Антикалық дәуірдегі драма, драманың алғаш Грекияда тарихи, әлеуметтік, идеялық алғы шарттарының пайда болу, жаңалығы мен драматургияның өнер поэзиясы мен театрда негіз ретінде қалыптасуы. Эсхил, Софокл, Еврипид драматургиясын талдау. Драма теориясы мен оның эстетикалық-философиялық және әдеби, сыни олардың дамуы: Аристотель, Лессинг шығармашылығы. В.Шекспирдің «Ромео мен Джульетта», «Отелло», «Гамлет» шығармаларының тақырыптық-көркемдік ерекшеліктері. Шетел драматургтері: Ф.Шиллер, В.Гете, В.Гюго, Б.Шоудың және орыс драматургиясының өкілдері А.С.Пушкин, Н.Г.Гоголь, А.П.Чеховтің, шығармашылық бағыттағы ой-толғаулар, өзіндік пікірлер, ғылыми мақалалар мен аннотациялар, түйіндемелер, сараптамалар, М.Әуезовтен бастау алатын қазақ драматургиясын зерттеушілер С.Ордалиев, Р.Нұрғали, Т.Қожакеев, С.Әшімбаев және т.б зертеушілердің еңбектерінің негізінде әлемдік сыни еңбектермен байланысы мен айырмашылығы туралы мәліметтер қарастырылады.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті <b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Әлем әдебиеті</p>
13 ТК/КВ	5	<p><b>Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины:</b></p> <p>Пәнді оқытудың басты мақсаты студенттерге синтаксистің жалпы зерттеу объектісі мен оның қарастыратын басты критерийі болып табылатын сөз тіркесі мен сөйлемнің түрлеріне баса назар көңіл бөлу. Олардың мақсатына, құрамына, мағыналық т.б. түрлеріне ғалымдардың берген ғылыми сараптамаларына талдау жасату.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Студент пәнді оқу барысында төмендегі мәселелерді, атап айтқанда: сөйлем ішінде келген сөз тіркестерін тауып және оның жасалу тәсілдері мен түрлерін ажырату, сөйлемнің мақсатына қарай түрлерін анықтау, сөйлемнің құрамына қарай түрлерін меңгеру, жай сөйлемнің жасалуы мен құрмалас сөйлемдердің жасалуындағы ерекшеліктерді анықтау.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> студент алған теориялық білімін практика жүзінде қолдануды игеруі тиіс, зерттеу барысында ғылыми принциптердің негізгі функцияларын игере алуы қажет.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> сөз тіркестерінің жасалу тәсілдері мен түрлерін ажырата білуге, сөйлемнің мақсатына қарай түрлерін тани алуға, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдерді құрамына қарай, мағыналық түрлеріне қарай меңгере білуге дағдыландыру.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> студенттер синтаксистік талдау барысында туындаған екіжақты пікірлердің өзара шиеленіскен жағдайда одан шығу тәсілдерін пайдаланады, топтың нәтижеге қол жеткізе алмау себептерін жинақтайды, қарама-қайшылықтар негіздерін анықтай отырып, айқындамаларының бірігу мен ажырау тұстарын атайды, топтың жұмыс мақсатына қатысты ұсынылған идеаларға салыстырмалы баға береді.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Сөз тіркесі, сөйлемнің мақсатына қарай түрлері, жай сөйлем синтаксисі, құрмалас сөйлем туралы мәліметтер қарастырылады.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлерін меңгерту, хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдер және сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерін, сондай-ақ жай сөйлем мен оның түрлерін қарастыру. Құрмалас сөйлем, оның түрлері, жасалу жолдары, мағыналық түрлері, төл сөз бен автор сөзі және төлеу сөз олардың тыныс белгілері қамтылған.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Тіл біліміне кіріспе.</p>

		<p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Когнитивті лингвистика.</p> <p><b>2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Қазіргі қазақ тілінің функциональды-коммуникативті синтаксисі.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины:</b> Қазіргі қазақ тілінің функциональды-коммуникативті синтаксисі тілдік бірліктердің сөйлеудегі динамикалық сипатын түсініп, лебіздің коммуникативтік мақсатын анықтау және өз сөйлеуін мақсатқа сай құрауға жеткізу.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Коммуникативтік синтаксистің бірліктерін, лебіздің темадан ремаға қарай құрылатыны, сөйлемдегі негізгі және қосымша мақсаттар. Сөйлем құрылымындағы қалыптасқан нормадан ауытқу, актуалдаудың контекстке тәуелділігі туралы білім қалыптастырады.</p> <p>Пікірді жеткізуде қазақ тіліне тән актуальдау амалдарын қолданады; мәтінде функционалды семантикалық категориялардың вербалдануын, астасуын синтездейді.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b>Студент алған теориялық білімін практика жүзінде қолдану ды игеруі тиіс, зерттеу барысында ғылыми принциптер-дің негізгі функцияларын игере алуы қажет.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> Актуалды мүшелеу мақсатында талдау, лебізді логикалық аспектіде, коммуникативтік аспектіде талдау жасауға, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін пайымдау,а дағдыландыру;</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> Студенттер сөздердің белгілі бір қатысымдық-синтаксистікқызымет ету ерекшеліктерін талдау барысында туындаған екіжақты пікірлердің өзара шиеленіскен жағдайда одан шығу тәсілдерін пайдаланады, топтың нәтижеге қол жеткізе алмау себептерін жинақтайды, қарама-қайшылықтар негіздерін анықтай отырып, айқындамаларының бірігу мен ажырау тұстарын атайды, топтың жұмыс мақсатына қатысты ұсынылған идеаларға салыстырмалы баға береді.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b>Тіл ғылымындағы функционалды ұстанымның негізіне тілді атқаратын қызметтері тұрғысынан зерттеу және оны қызмет етуші механизм ретінде түсіну. Тілдік тұлғалардың қызмет етуін дәстүрлі тұрғыдан түсінетін болсақ, бұл олардың сөйлемдегі синтаксистік қызметтері болып табылады: бастауыштық қызмет, баяндауыштық қызмет, анықтауыштық қызмет немесе сөйлемдердің хабарлау, сұрау, бұйыру қызметтері. Ал тілдің өзіне байланысты: қатысымдық қызметі, атауыштық қызметі, танымдық қызметі, эмоция білдіру қызметі, әсер ету қызметі т.б.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Функционалды лингвистиканың теориялық негіздері, функционалды лингвистиканың зерттелуі және іерттеу бағыттары, субъектілік функционалды-семантикалық өрісі, персоналдық өрісі, жалпыламалық кіші өріс, жақсыздық кіші өріс, персоналдық функционалды-семантикалық категориясы, предикаттық өріс, іс-қимыл кіші өрісі, қалып-күй кіші өрісі, Мәтін-коммуникативтік синтаксистің негізі т.б.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Тіл біліміне кіріспе.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Когнитивті лингвистика.</p>
14 ТК/КВ	5	<p><b>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиеті.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины:</b> Әдеби процес пен әдебиет тарихы жөнінде хронологиялық ұстанымды сақтай отырып, әдебиеттану ғылымының қол жеткізген бүгінгі табыстары негізінде студенттерге барынша толық тиянақты білім беру, ғылыми әдістерді қолдануға, әдебиеттегі басты ағымдармен бағыттарды ажыратуға үйрету, ең бастысы студенттердің ғылыми дүниетанымдарын қалыптастыру.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиетінің тарихын, халқымыздың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын білу, тану.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> студент теориядан игерген білімін практика жүзінде қолдануды игеруі тиіс, зерттеу барысында ғылыми принциптердің негізгі функцияларын игере алуы қажет, эксперимент жүргізу тәсілін игеруі қажет</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> теориялық білімнің негізін біле отырып авторлық, ғылыми шығармашылық идеяларды құра білуге; сыни ойлау тұрғысынан ойлай білуді; дивергентті ойлайды, жағдаяттарды жаңаша шеше білуді игеру керек.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> студенттер пікірталасы шиеленіскен жағдайда одан шығу тәсілдерін пайдаланады, топтың нәтижеге қол жеткізе алмау себептерін жинақтайды, қарама-қайшылықтар негіздерін анықтай отырып, айқындамаларының бірігу мен ажырау тұстарын атайды, топтың жұмыс мақсатына қатысты ұсынылған идеаларға салыстырмалы баға береді.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> СССР аталған Ресей</p>

		<p>империясының құрамында болған отар елдердің шаруашылығы мен саяси-рухани өмірлері туралы, студенттерге кеңестік кезеңіндегі қазақ әдебиетіндегі қтындықтар мен жаңалықтар туралы жан-жақты мәліметтер беріледі. Аталмыш пәнді игеруде қазақ әдебиеті тарихының кеңестік кезеңіне дейінгі, қазақ әдеби сынының тарихы, әдебиет теориясы мәселелері, ТМД халықтарының әдебиеті, соның ішінде орыс әдебиетіндегі ағымдар мен басты бағыттар, бауырлас түркі халықтары әдебиеті мен «алтын ғасыр» аталатын қазақ әдебиетін жүйелі оқыту мен зерттеудің басты принциптері, әдеби-эстетикалық, қоғамдық-саяси ойлардың маңызы мен мәні қамтылады.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Кеңестік кезең әдебиеті қазақ әдебиетінің құнарын арттырған, құндылығын кеңейткен кезең болды. Жазушыларымыз бен ақындарымыз да қазақ әдебиетін байыту мен дамытудың жолында аянбай еңбек етті. Әрі олар ұлттың рухани қазынасын негіздеді. Соған сай олар да ұлттың санасында мәңгі қала білді. Қазақ әдебиеті адам, қоғам, ұлт, бостандық, тәуелсіздік, елдік мәселелеріне терең бойлай алған ойшыл-философ, тума талант, ірі суреткерлер елдің болашағы мен ертеңіне қатты көңіл бөлді. Талантты қаламгерлердің қолынан туған шығармалар тек бір ұлттың ғана келешегін жасамады, сонымен қатар бүкіл адамзаттың тарихын жасады. Әлемдік деңгейде әмбебап құралдарға айналған, бүкіләлем шығармаларының ортақ құндылығына айналған әдеби ағымдар мен бағыттарды өздерінің әдеби туындысына тиек етуі қамтылады.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ әдебиеті.</p> <p><b>Постреквизиттер/ Постреквизиты:</b> Әлем әдебиетінің тарихы.</p> <p><b>2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Сын тарихы.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Әдеби сын тарихы пәні әдебиеттегі басты ағымдар мен бағыттарды ажыратуға,көркем туындылардың жанрлық ерекшеліктерін талдауға үйрету, ең бастысы студенттердің ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Қазақ баспа басылымдарындағы әдебиетке, әдебиет өкілдеріне, әдеби оқулықтарға қатысты айтылған сын пікірлерді білуі керек. меңгеруі керек:</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> Студенттерді сөз өнерінің басты тектері мен түрлерінің дербес табиғатын жете таныту. Ғылыми әдістердің қолданылуы, әдебиеттегі басты ағымдар мен бағыттардың ерекшеліктері, сындар мен сыншылардың еңбектерін талдау ұсынылады.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> Өзекті мәселелерді тарихи тұрғыдан жан-жақты қарастырып, бай әрі бағалы деректер негізінде нұсқалы, терең талдау жасауды игеруі тиіс</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> Сын және сын тарихы бойынша қамтылған барлық мәселелер жөнінде, әдебиеттің ұлттық сипатын, әдет-ғұрып, салт-сана көріністерін жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, шығарманың идеялық-адамгершілікті мәні мен маңызын танытуда құзыретті болуы тиіс.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Шығармашылық бағыттағы ой-толғаулар, өзіндік пікірлер, ғылыми мақалалар мен аннотациялар, түйіндемелер, сараптамалар. М.Әуезовтен бастау алатын қазақ әдеби сынының зерттеушілері: Т.Кәкішев, Д.Ысқақұлы, Р.Нұрғали, Т.Қожакеев, С.Әшімбаев және т.б зерттеушілердің еңбектерінің негізінде әлемдік сыни еңбектермен байланысы мен айырмашылығы туралы мәліметтер қарастырылады.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Әдеби даму жолдарының қыр-сырын аңғару, түсіну, талдау процесімен тікелей байланысты болғандықтан сындың туу және қалыптасу кезеңдерін әдебиет тарихына жанастыра көрсету. Сыншылық ой-пікірдің өрістеу жолдары тек әдеби құбылыстарға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық әлеуметтік толғаныстарға іш тартып жататындықтан сын тарихын кең көлемде қарастыру, қазақ әдеби сындың пайда болу, даму, қалыптасу тарихынан хабардар ету, әдебиеттің дамуы сыншыл ой-пікірлердің дамуына қатыстылығын аңғарту. Пәнді оқу арқылы студенттер бүгінгі әдеби процестегі сындың ролін, болып жатқан көркемдік құбылыстарды тани біледі.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Ұлы Отан соғысы жылдардағы қазақ әдебиетінің тарихы.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Әлем әдебиетінің тарихы.</p>
15 ТК/КВ	5	<p><b>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Әлем әдебиетінің тарихы.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Әлем елдері халықтарының әдебиетіндегі шығармашылық мәселесінің өз елдерінің тарихымен, пәлсапасымен, ғылымымен, көрнек өнері түрлерімен /әуез, бейнелеу, сымбат, сәулет/байланыстылығы</p>

тығыз бірлікте қарастырылады. «Әлем әдебиетінің тарихы» пәнін қазақ тілінде өтуде қазіргі заманғы әдебиеттану ғылымындағы жеке халықтардың әдебиеттерін дүние жүзілік әдеби-мәдени даму аясында қарастырушылықты басты назарымызға аламыз. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін бағдарламаға Ағылшын, Француз, Неміс, Қытай, Үнді, Араб, Иран, Түрік елдерінің ежелгі заманғы, орта ғасырлық, қазіргі заманғы әдеби-мәдени даму тарихын қамтитын тақырыптар енгізілді. Яғни, Шығыс пен батыс елдерінің әдебиеттерін қатар игеру мәселесін негізгі ғылыми-теориялық, әдістемелік-практикалық жұмысымыздың нысанасына айналдырамыз.

**Білуі тиіс/Знать:** «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Шығыс әдебиеті», «Батыс әдебиеті», «Орыс әдебиетінің тарихы» курстары мен пәндерімен таныс болуы керек.

**Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:** пән бойынша қамтылған барлық тақырыптарды еркін аша алуы, талдаулар жасай алуы, теориялық ұғымдарды анық түсінуі керек.

**Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:** Әлемдік әдебиет туралы теориялық ой-пікірлердің қалыптасу кезеңдерін қазіргі дәуірге дейін аралықта мейлінше толымды жүйелеп, саралай алу; Әлемдік эстетикалық тұғырнамалары, әдеби тәжірибелер ұлттық әдебиеттану, көркемдік өнер мысалдарымен өзара ұштастыра алу, меңгеруі керек

**Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:** студенттер пікірталасы шиеленіскен жағдайда одан шығу тәсілдерін пайдаланады, өзекті мәселелерді анықтай отырып, айқындамаларының бірігу мен ажырау тұстарын атайды, топтың жұмыс мақсатына қатысты ұсынылған идеаларға салыстырмалы баға береді.

**Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:** Әлем әдебиетінің тарихы – ерекше әлем әдебиетінің, теориялық және азаматтың көркем эволюциясын салыстырмалы талқылаудағы жете зерттеу қағидаларының тарихын зерттеу облысының әдебиеттану ғылымындағы орасан зор тәжірибе. Антикалық дәуір. Мифология. Гомер эпосы. Грек драмасының қалыптасуы. Эсхил-трагедияның «атасы». «Бұғауланған Прометейдің» проблематикасы және әдебиеттік тағдыры. Орта ғасырдың қайта өрлеу дәуірінің әдебиеті. Орта ғасырдағы героик эпосының пайда болуы. «Роланд туралы жыр» француз халқының эпосы. Куртуаздық әдебиеті: лирика және роман. «Трист Изольда» - серілік роман. XVIIғ. Классицизм әдісінің ерекшеліктері. XVIIIғ.Ағарту дәуірінің әдебиеті. Ағылшын ағартушыларының ерекшелігі. XX ғ. Әдебиет прцесінің ерекшелігі. Негізгі бағыты. Саяси оқиғалардың (әлем соғысы, фашизм) жазушы-демократтарға ықпалы. Капитализмнің жалпы қиыншылығы мен модернистік әдебиет. Фрейдизм және модернистік әдебиеті Б.Шоудың творчествосы. Шығыс әдебиеті: Шығыс поэзиясының жарқын беттері - Фазулли, Навои, Сағди, Фирдоуси.Азия және Африка құрлықтары халықтарының әдебиеті: түрік, парсы, қытай, жапон, үндістан, монғол, африка, орыс әдебиетінің тарихы, А.С.Пушкин, М.Лермонтов,Л.Н.Толстой,Ф.М.Достоевский творчестволары қамтылған.

**Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:** Әлем әдебиетінің прцестерінің заңдылығын түсініп, шығармалардың көркемдік маңызын қоғамдық жағдайлармен, замандардың мәдениетімен байланыстыра білу керек. Әдебиеттегі басты әдіс пен жанамалардың, ағымдардың өнертану мен әдебиеттану үшін әдістемелік бағыт екенін ескере отырып, оның әдебиет пен мәдениеттің келешектегі дамуына танымдық, көркемдік, ұлттық ерекшеліктерін таныстыру керек. Студенттерді жеке шығармаларды талдап жіктеуге, жанрлардың типологиялық ерекшеліктерін ажырата білуге, маңызды қорытынды түюге үйрету.

**Пререквизиттер/Пререквизиты:** Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиеті.

**Постреквизиттер/ Постреквизиты:** Қазіргі қазақ әдебиеті.

**2. Пәннің аталуы/ Наименование дисциплины:** Шетел әдебиетінің тарихы.

**Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины:** Әдебиеттегі басты әдіс пен жанамалардың, ағымдардың өнертану мен әдебиеттану үшін әдістемелік бағыт екенін ескере отырып, оның әрбір шығармадағы өзіндік сипаттамаларымен жәке таныстыру қажет. Студенттерді жеке шығармаларды талдап жіктеуге, жанрлардың типологиялық ерекшеліктерін ажырата білуге, маңызды қорытынды түюге үйрету.

**Білуі тиіс/Знать:** шетел әдебиетінің көрнекті өкілдерінің туындылары.

**Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:** Әдебиеттану мен әдебиет теориясына қатысты мәселелерді әлемдік деңгейде талдау.

**Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:** шетел әдебиетінің өзекті мәселелерін тарихи тұрғыдан жан-жақты қарастырып, бай әрі бағалы деректер негізінде нұсқалы, терең талдау жасауды игеруі тиіс

**Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:** шығармашылық қабілеттерін дамыту; қарым-қатынас талаптарына сай іскерліктерде қолдана білу; пікірталас түрлеріне сай сөз

		<p>қолдану біліктілігін қалыптастыруға құзыретті.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Шетел әдебиетінің процестерінің заңдылығын түсіндіру, шығармалардың көркемдік маңызын қоғамдық жағдайлармен, әдеби бауданыста қарастыру. Әдебиеттегі басты әдіс пен жанамалардың, ағымдардың өнертану мен әдебиеттану үшін әдістемелік бағыт екенін ескере отырып, оның әдебиет пен мәдениеттің келешектегі дамуына танымдық, көркемдік, ұлттық ерекшеліктері қамтылады.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Шетел әдебиетіндегі шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін айқындай отырып студент жазушының шығармашылығын жан-жақты қарастыры, бағалы деректерді негізінде жан-жақты талдай білуі қажет. Әдеби тектерді тереңірек ұғыну және автордың көркемдік шеберлігін тану.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиеті.</p> <p><b>Постреквизиттер/ Постреквизиты:</b> Қазіргі қазақ әдебиеті.</p>
16 ТК/КВ	5	<p><b>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b>Когнитивті лингвистика</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Когнитивті лингвистика – тіл білімінің жаңа бағыттарының бірі антропоцентристік парадигманың қатарына жататын тоғыспалы ғылым саласы. Когнитивтік лингвистика тілдің танымдық табиғи болмысын зерттейтін ғылым.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Когнитивті лингвистика когнитивті психологиядан концепт және когнитивті моделдер туралы ұғымды алады</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> Лингвистикалық типология мен этнолингвистика, нейролингвистика (тілді адам миының тұтас менталды қызметінің ұғымдық негіздемесі ретінде түсіндіреді), психоллингвистика, культурология, тарихи-салыстырмалы тіл білімі.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> Дүниені игеру және тану процесіндегі тілдің ролі; Дүние туралы ақпаратты қабылдау, жалғастыру (тасымалдау),қайта өңдеу;</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> Білімді концептуализациялау, категоризациялау, мәдени константтарды тілдік категоризациялау және концептуализациялау; Концептосфераны жасайтын әмбебап концептілердің жүйесін жасау;</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Қазіргі тіл ғылымында когнитивті лингвистика қатты дамып, оның салалары категориялау теориясы, тілдік тұлға, концептуалды метафора, когнитивті–дискурсивті теория, когнитивті семантика, тағы басқалары сараланып кетеді. Когнитивтік лингвистиканың негізгі құралдары: есте сақтау бірліктері - таным, гештальт теориясы, тілдік сана және т.б. Когнитивтік лингвистика дүние бейнесін сипаттауға бағытталады.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Когнитивтік лингвистика тілдік талдауларды сөйлеу түрлерін, белгілі бір лексемалар қолданылып тұрған клиентектерді, мәтін деңгейінде концептілердің танылуы, концепт көрінісі беретін фразеологизмдерді, мақал – мәтел, афоризмдерді, олардың сөздіктердегі мағыналарын талдаумен толықтырады.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі.</p> <p><b>Постреквизиттер/ Постреквизиты:</b>Мәтінге лингвистикалық талдау.</p> <p><b>2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Этнолингвистика</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b></p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> қазіргі қазақ тілінің фонетика,лексика, морфология, синтаксис бөлімдерінен және жалпы тіл білімінен хабардар болуы тиіс.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> «Жалпы тіл білімі», «Қазіргі қазақ тілі» пәндерінде берілген білім мазмұнын тереңдетіп, ғылыми-теориялық көзқарастарын жетілдіру.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> Қоғамдық-әлеуметтік өмір мен ғылым-білімді ұштастырып, дүниетанымын жетілдіру, өзінше ой-пікір түйіндеуге үйрену.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> танымдық лингвистиканы оқыту барысында студенттердің ойлау қабілетін, қоршаған ортаны зерттеп-тану қасиетін, өзіндік ой-пікірін дәлелдеп жеткізе білу дағдысын жетілдіру; олардың дүниетанымын кеңейту; ой,сана, тіл тұтастығы арқылытілдік қатынасты жете меңгеру, таным процесін жан-жақты іске асыру.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Этнолингвистика-этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білу мақсатынан туындаған лингвистиканың (тіл білімінің) жаңа да дербес бір саласы. «Тіл әлемінің» өзіндік табиғатын, даму заңдылықтарын толық та жан-жақты зерттеу барысында іштей жіктеліп, дүниеге келген социоллингвистика, психоллингвистика, статоллингвистика, паралингвистика іспеттес этнолингвистика да-«этностаным» мен «тілтаным» ғылымдарының ортақ проблемасы</p>

		<p>шеңберінде тоғысу нәтижесінде пайда болған жаңа сала. Ол-этностың инсандық һәм дүнияуи табиғатын тереңнен танып-білу үшін басқа емес, тек тіл феноменінің өзіне ғана тән ғажайып мүмкіншіліктері мен қазына байлығын зерделеп зерттеуді мақсат ететін ғылым.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Тіл және таным процесі, тілдің танымдық қызметі, оның басты белгілері. Тілдің басқа қызметтері, олардың бір-бірімен байланысы. А. Байтұрсыновтың таным негіздеріне қатысты ойтұжырымдары мен көзқарастары. М. Жұмабаевтың тіл, ой, сана арқылы адамзаттың даму процесін сипаттауы. Қ. Жұбановтың тіл адамды, өмірді зерттеп-танудың көрсеткіші екендігі жөніндегі пікірлері, оның ғылыми негіздері. С. Аманжолов және таным процесі туралы қамтылады.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі.</p> <p><b>Постреквизиттер/ Постреквизиты:</b> Мәтінге лингвистикалық талдау.</p>
17 ТК/КВ	5	<p><b>1. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Мәтінге лингвистикалық талдау</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Мәтін бойынша сұрақ қоя білуге үйрету, шығарманың тақырыбы мен идеясын және тәжірибелік мәнін түсінуге, сондай-ақ мәтіндегі бейнелі сөздер мен көркемдегіш құралдарды тани білуге үйрету.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Бұл пән көркем мәтін туралы түсінік беріп, көркем мәтіннің құрылымы мен түрлерін танытады.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> Көркем шығарманы оқып, ақын-жазушылардың шығармаларының тілімен танысуға, оны инновациялық технология әдісімен талдауға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазуға мол мүмкіндік алады. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау әдісін тілші де, әдебиетші де бірдей дәрежеде меңгеруі керек.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> Инновациялық жаңа тәсілдер: дамыта оқыту технологиясымен, венна диаграммасымен, «кластер», «инсерт» әдістерімен талдау мәселелерін үйретеді.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> Оның мақсаты-көркем мәтінде пайдаланылған, әдеби шығарманы дұрыс ұғынуға тікелей қатысы бар, тілдік тұлғалардың мән мағыналары мен қолданылу жағдайларын ашып беру. Бұл, сөз жоқ әдеби туындыны толық әрі дұрыс түсінуге көмектеседі. Әдеби туындыда пайланылған тілдік элементтердің мағына мазмұнын, эстетикалық қызметін ашып, оны лингвистикалық талдау.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Лингвистикалық талдау әдісі мен жаңа технология әдісі арқылы қазақ тіл білімінен алған теориялық білімдерін тәжірибелік біліммен ұштастыруға болады. Көркем мәтінді түсіну үшін, тар тілдік шеңберде қалуға да, немесе интуацияға сүйеніп, шығарманың идеясы туралы жайдақ пікір айтуға да болмайды. Көркем мәтін аяқталған біртұтас күрделі құрылым ретінде қаралады. Оның эстетикалық тұрғыдан ұйымдасқан тілдік тұлғасы, мәтіннің идеялық-көркемдік мазмұнын бейнелейді.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Мәтін лингвистикасы – тіл білімі ғылымының жеке саласы, зерттеу объектісі – мәтін. Мәтін лингвистикасы мәтіннің өзіне тән мәні мен болмысы, ерекшелігі, шындық болмыстың мәтінде бейнеленуі, мәтіннің түзілу ерекшелігі, оны қабылдаудың сипаты, мәтіндегі автор мәселесі т.б. жайттарды қарастырады. Мәтін лингвистикасының қалыптасуының тіл білімі салаларымен бірге (лексикология, семасиология, морфология, синтаксис, стилистика), жалпыфилологиялық текстология, поэтика (және филологиялық емес ілімдермен де (философия, логика, психология, эстетика) байланыстылығы қамтылады.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Когнитивті лингвистика.</p> <p><b>Постреквизиттер/ Постреквизиты:</b> Жалпы тіл білімі.</p> <p><b>2. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Алаш әдебиеті</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің және оның қайраткерлерінің қазақ жері мен мемлекеттілігі және ұлттық идея мен рухани-мәдени сананы қалыптастыру жолындағы қызметтерін тарихи арнада талдап оқыту.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> қазақ мемлекеттілігінің тәжірибесі санатындағы Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметі, Алаш автономиясы және Түркістан автономиясы сияқты тарихи құбылыстар туралы.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> Алаш тұлғаларының отандық ғылым мен білімнің бастауындағы мұраларын зерделеу;</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> «Алаштану» курсы бойынша тарихи үдерістерді дербес талдай білу біліктілігін дамыту, тарихи фактілер, құбылыстар мен тұлғаларға дербес көзқарас білдіру бейімін жетілдіру және тақырыптық негізде түйінді</p>

		<p>тұжырымдар жасауға дағдылану.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> жаңа замандағы білім беру үдерісінде Алаш қозғалысына байланысты құбылыстар, тарихи оқиғалар, тұлғалар келбеті, сан салалы еңбектер туралы тарихи түсінігін қалыптастыру; өлкеміздің Алаш қозғалысына қатысқан тарихи тұлғаларын тану; Алаш тұлғаларының мемлекеттік және ғылыми-шығармашылық қызметі арқылы отаншылдық қасиеттерге баулу және тәрбиелеу; тәуелсіздік, ел, жер, ұлттық болмыс, ұлттық таным, ұлттық намыс, ұлттық сана категорияларын Алаш қозғалысы тарихы арнасында қалыптастыру;</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Қазақ қоғамы және Алаш партиясы. Қазақ комитеттерінің құрылуы. Алғашқы қазақ облыстық съездері. Өлкедегі жастар ұйымдары және олардың саяси-қоғамдық іс-әрекеттері. Бірінші жалпықазақ съезінің қаулылары және халық мүддесінің тұжырымдалуы. Қозғалыстан Алаш партиясына өту жолы. Қазақ ұлттық-либералдық партиясының бағдарламалық жобасы. Жергілікті баспасөз ісінің жандануы. Алаш автономиясы және Алашорданың құрылуы. Екінші жалпықазақ съезінің қаулылары (5-13 желтоқсан 1917 ж.). Алаш автономиясы. Елдік құрылым негіздері. Алашорда үкіметінің құрылымы. Алашорда рәміздері. Бүкілресейлік Құрылтайға даярлық және федерация туралы. Ұлттың құқықтық-демократиялық даму бағытындағы іс-шаралар. Съезд шешімдеріне сәйкес Алашорданың негізгі мақсат-міндеттері. Ойыл уәлаяты. Түркістан Мұхтарияты. Алаш автономиясының Уақытша Сібір Облыстық Кеңесі (Г.Н.Потанин басқарған) тарапынан қолдау табуы; Алашорда және Кеңес өкіметі. «Сарыарқа» газеті беттеріндегі Алаш автономиясы мен үкіметі – Алашорда туралы ресми жарияланымдар. Қазақстан аймақтарында Кеңес өкіметінің орнатылуы. Алашорда және Кеңес өкіметі арасындағы келіссөздер нәтижесі.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Алашорда үкіметі және оның қызметі. Алашорда үкіметінің қабылдаған қаулылары мен шешімдері. Ішкі саясаттағы ұстанымдары. Земство және Қазақ комитеттеріндегі алашордашылардың қызмет өрістері. Алашорда және Қазақ соты. Алашорда және Алаш атты әскерін жасақтау. Алашорда бөлімдері: Батыс Алашорда (Жымпиты), Бөкей ордасы, Маңғыстау, Ақтөбе, Торғай, Қостанай өңірлері, Ақмола мен Жетісу облыстарындағы Алашорда басқармалары және Түркістандағы оңтүстік қанаты. Қазақстандағы «Кіші Қазан» науқаны. Алаш зиялыларының Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен шеттетілуі. «Байшыл-алашордашылар», «оңшыл», «ұлтшыл-уклонист» деп айыпталған қазақ қайраткерлері. Эмиграция қайраткерлері (М.Шоқаев, Р.Мәрсеков, И.Жайнақов). «Ұлтшыл-уклонистер» (С.Садуақасұлы, С.Қожанұлы, Ж.Мыңбайұлы, Н.Нұрмақұлы, Ы.Мұстамбайұлы, т.б.). Ұлт қайраткерлерін қуғындау, репрессиялау науқаны. 1937 жылғы зұлмат және оның тарихи сабақтары қамтылады.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Когнитивті лингвистика.</p> <p><b>Постреквизиттер/ Постреквизиты:</b> Жалпы тіл білімі.</p>
--	--	---

Жиынтығы\ Итого 79 кр

**Бейіндеуші пәндер циклы/ Цикл профилирующих дисциплин (ПД)**

1 ТК/КВ	5	<p><b>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Қазақ тілінің тарихи грамматикасы</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» пәні қазіргі түркі тілдеріне ортақ мұралар тарихы мен тілдік ерекшеліктерінен хабар беруді мақсат етеді. Егер орта ғасырдың соңғы кезеңдеріне қатысты қыпшақ жазбаларын еске алмасақ, мұндай курс қазіргі түркі тілдес мемлекеттердің бәрінде де бір сипатта, бір мақсатта оқылады. Пән қазақ тілінің оқылуын жан-жақты көрсетумен бірге тарихи лексиканы қарастыруға, қазақтың халық болу процесі кезіндегі тіл құрылымын, қазақ тілінің фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылымының даму жолын тарихи тұрғыдан түсіндіруге, түркі тілдерінің ішінде қазақ тілінің орнын анықтау үшін түркі тілдерінің жіктелуін қарастыруға, грамматикалық құрылыстың тарихи даму эволюциясын білу ескі, жаңа түркі тілдері фактілерін қазіргі қазақ тілі фактілерімен салыстырып зерттеуге мақсатталады.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Қазақ тілінің тарихи грамматикасы пәні қазіргі қазақ-түркі тілдеріне ортақ мұралардың тарихы мен тілдік ерекшеліктерінен, қазақ тілінің оқылуын жан-жақты көрсетумен бірге тарихи лексиканы қарастыруға, қазақтың халық болу процесі кезіндегі тіл құрылымын, қазақ тілінің фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылымының даму жолдарын білу</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> түркі тілдерінің ішінде қазақ тілінің орнын анықтау үшін түркі тілдерінің жіктелуін қарастыруға, грамматикалық құрылыстың тарихи даму эволюциясын білуде ескі, жаңа түркі тілдері фактілерін қазіргі қазақ тілі фактілерімен салыстырып зерттеуге бейімделіп, білім сапасын тереңдетеді</p>
---------	---	---



**Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:** Студенттер тарихи грамматика теориясы мен практикасы негізінде өзіндік жұмыстар жазу, рефераттар жазу, әртүрлі тест құрау сияқты жұмыстарды жасауға бейімделеді

**Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:** Аталынған курс бағдарламасы студенттердің осы базалық білімдік негіздеріне сүйенеді. Дәріс сабақтары практикалық сабақтармен байланыстырылып, студенттер практикалық икемдік дағдыға ие болады және өздік жұмыстар, оқытушы мен студенттердің бірлесіп жұмыс жасауы нәтижесінде алған білім мен дағдылар тиянақталатын болады.

**Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:** Жоғары оқу орындарының оқу жоспарында «Көне жазудың тарихы», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» деп аталатын бір-бірімен үндес курстар бар. Бірақ, «Көне жазудың тарихы» негізінен қазіргі түркі тілдеріне ортақ жазба мұралар тарихы мен тілдік ерекшеліктерінен хабар беруді мақсат етеді. «Қазақ тілі тарихи грамматикасы» курсының аталған курстан принциптік ерекшелігі бар. Ең алдымен, тарихи грамматика бүгінгі тілдің фонетикалық, грамматикалық құрылымының осы күйге жету жолын, эволюциясын тарихи-салыстырмалы әдіс т.б негізінде түсіндіруді міндет етеді. Сондықтан тарихи грамматика курсы сөздердің грамматикалық кластарға жіктелу тарихын, жеке грамматикалық категориялардың қалыптасу эволюциясын, дыбыстар жүйесінде болған тарихи өзгерістерді, олардың тілдік лексикалық қорына, грамматикалық құрылымына әсері тәрізді мәселелерді анықтайды. Сонымен бірге тарихи грамматика курсына қажетті тарихи фактілер береді, студенттерді осы курсты тыңдауға дайындайды. Екінші бір айырмашылық – халықтардың қалыптасу дәуірінде, сондай-ақ даму барысында болып отырған әртүрлі экстралингвистикалық факторлар белгілі бір грамматикалық категория ретінде немесе грамматикалық тұлғаның қалыптасу тарихын түсіндіретін қосымша дәлел ретінде қаралады.

**Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:** Қазақ тілінің тарихи грамматикасы-қазіргі қазақ тілі бойынша алынатын білімді тереңдете отырып. Қазақ тілінің тарихи лексикалық қоры мен құрамын, толығу жолдары мен жүйесін, тіл тарихының қалыптасу, кемелдену жолындағы фонетикалық өзгерістердің ролін, этимологиялық және этнолингвистикалық ерекшеліктерін, сөзжасам жүйесі мен оның теориялық номинациялық қисындарын, грамматикалық құрылымындағы тұлғалық және қызметтік, мағыналық өзгерістердің себебі мен салдарын, сөз және сөйлем құрылымының күрделену сипатын т.б ғылыми негіздеп кешенді түрде оқыту. Студент қазақ халқының этногенездік құрамына сәйкес халық тілінің қалыптасу ерекшеліктерін, дыбыстық сипаты мен грамматикалық құрылымының ғылыми негіздерін, ұлт тілі ретінде өсу, даму жолдарын онтологиялық бағдарда кешенді түрде меңгерту.

**Пререквизиттер/Пререквизиты:** Жалпы тіл білімі.

**Постреквизиттер/Постреквизиты:**Қазақ тілін оқыту әдістемесі.

**2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:** Көркем мәтінді инновациялық талдау.

**Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:** Мәтін бойынша сұрақ қою білуге үйрету, шығарманың тақырыбы мен идеясын және тәжірибелік мәнін түсінуге, сондай-ақ мәтіндегі бейнелі сөздер мен көркемдегіш құралдарды тани білуге үйрету.

**Білуі тиіс/Знать:** Бұл пән көркем мәтін туралы түсінік беріп, көркем мәтіннің құрылымы мен түрлерін танытады.

**Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:** Көркем шығарманы оқып, ақын-жазушылардың шығармаларының тілімен танысуға, оны инновациялық технология әдісімен талдауға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазуға мол мүмкіндік алады. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау әдісін тілші де, әдебиетші де бірдей дәрежеде меңгеруі керек.

**Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:** жаңа тәсілдер: дамыта оқыту технологиясымен, венна диаграммасымен, «кластер», «инсерт» әдістерімен талдау мәселелерін үйретеді.

**Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:**көркем мәтінде пайдаланылған, әдеби шығарманы дұрыс ұғынуға тікелей қатысы бар, тілдік тұлғалардың мән мағыналары мен қолданылу жағдайларын ашып беру. Бұл, сөз жоқ әдеби туындыны толық әрі дұрыс түсінуге көмектеседі. Әдеби туындыда пайланылған тілдік элементтердің мағына мазмұнын, эстетикалық қызметін ашып, оны лингвистикалық талдау.

**Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:** Лингвистикалық талдау әдісі мен жаңа технология әдісі арқылы қазақ тіл білімінен алған теориялық білімдерін тәжірибелік біліммен ұштастыруға болады. Көркем мәтінді түсіну үшін, тар тілдік шеңберде қалуға да, немесе интуацияға сүйеніп, шығарманың идеясы туралы жайдақ пікір айтуға да болмайды. Көркем мәтін аяқталған біртұтас күрделі құрылым

		<p>ретінде қаралады. Оның эстетикалық тұрғыдан ұйымдасқан тілдік тұлғасы, мәтіннің идеялық-көркемдік мазмұнын бейнелейді.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Мәтіннің дүниетанымдық аспектісі оның семантикалық, композициялық жағын құраса, прагматикалық аспектісі семиотикалық және композициялық жағын құрайды. Сонымен, мәтіннің композициялық жағы дүниетаным мен прагматикалық қырын байланыстырушы дәнекер ретінде қолданылып, мәтінді адам ойы мен көңіл-күйінің көрінісі ретінде сипаттайды.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Жалпы тіл білімі.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b>Қазақ тілін оқыту әдістемесі.</p>
2 ТК/КВ	5	<p><b>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Қазақ әдебиеті сынының тарихы.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины:</b> Қазақ әдебиеті сынының тарихы студенттерді сөз өнерінің басты тектері мен түрлерінің дербес табиғатын жете танып білуге, ғылыми әдістерді қолдануға үйрету.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Қазақ баспа басылымдарындағы әдебиетке, әдебиет өкілдеріне, әдеби оқулықтарға қатысты айтылған сын пікірлерді білуі керек. меңгеруі керек: әдебиеттің идеялық, эстетикалық мағынасын тануды, ұлттық сипатын, әдет-ғұрып, салт-сана көріністерін, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, шығарманың идеялық-адамгершілікті мәні мен маңызын меңгеруі тиіс</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> Әдебиеттану ғылымы дамуының негізгі кезеңдерімен және оның өзекті және негізгі проблемаларымен, әдебиеттің көркемөнер ретіндегі негіздері қамтылады; Студенттерді сөз өнерінің басты тектері мен түрлерінің дербес табиғатын жете таныту.Ғылыми әдістердің қолданылуы, әдебиеттегі басты ағымдар мен бағыттардың ерекшеліктері, сындар мен сыншылардың еңбектерін талдау ұсынылады.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b>Өзекті мәселелерді тарихи тұрғыдан жан-жақты қарастырып, бай әрі бағалы деректер негізінде нұсқалы, терең талдау жасауды игеруі тиіс</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b>Сын және сын тарихы бойынша қамтылған барлық мәселелер жөнінде, әдебиеттің ұлттық сипатын, әдет-ғұрып, салт-сана көріністерін жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, шығарманың идеялық- адамгершілікті мәні мен маңызын танытуда құзыретті болуы тиіс.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Пән бойынша әлемдік эстетикалық ойдың сын туралы тұжырымдары, сынның әлеуметтік және эстетикалық міндеттері, сыншы дарыны жөніндегі ой-пікірлер, қазақ әдебиеті сынының туып, қалыптасуының негізгі кезеңдері, Қазан революциясына дейінгі кезең және Кеңестік кезеңмен қазіргі кезеңдегі сын жанрының дамуы туралы мәліметтер береміз.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Әлемдік эстетикалық ойдың сын туралы тұжырымы. Сынның әлеуметтік және эстетикалық міндеттері. Сыншы дарыны ол жөніндегі ой-пікірлер. Сын тарихының зерттелу жайы. Қазан революциясына дейінгі әдеби сын жайындағы көзқарастар мен ой-пікірлер. Қазақ әдебиеті сынының туып, қалыптасуының негізгі кезеңдері. Сыни ой-пікірдің ояну және әдебиет сынының туу дәуірі. 1917 жылдан 1937 жылға дейінгі кезең-қазақ әдебиеті сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. 1938 жылдан 1991 жылға дейінгі процесс-қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуы, әдебиет сынының өркендеу кезеңі қамтылған.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Қазіргі қазақ әдебиеті.</p> <p><b>Постреквизиттер/ Постреквизиты:</b>Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.</p> <p><b>2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Етістіктің аналитикалық форманттары.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины:</b> Етістіктің аналитикалық форманттары – тілдің дыбыс құбылысы мен ондағы дыбыстардың қызметін зерттейді. Бұдан пәнді оқытудағы мақсаткеліп туындайды. Ол – белгілі бір тілдегі тіл дыбыстарын атқаратын қызметіне қарай, яғни белгілі бір тілдің дыбыс құбылысы мен ондағы дыбыстардың қызметтерін зерттеуді мақсат тұтады. Сонымен бірге, бұдан басқа, дыбыстардың сөз құрау (сөздің қазақы естілуін қамтамасыз ету) және шекара белгісі болуы (сөйлеу үстінде бір сөзбен бір сөздің жігін ажыратып отыру) қабілеттерін де зерттеуді мақсат етеді.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> дамыта оқыту технологияларсын, олардың ерекшеліктері, қолдану жолдары</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> студенттер интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерді дамыту.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> дамыта оқыту технологияларын зерттеу әдістері туралы түсініктерін қалыптастырады</p>

		<p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> пән бойынша алған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Етістіктің аналитикалық форманттары-лингвистикалық пәндердің ішіндегі негізгілерінің бірі ретінде саналатын ғылыми-теориялық курс. «Етістіктің аналитикалық форманттары» пәні «Қазіргі қазақ тілі», «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы», «Тіл білімінің негіздері» және «Жалпы фонетика» пәндерімен тығыз қарым-қатынаста туып, дамыған. Олардың аралары бір-бірімен жақын. Әсіресе, ол фонетика ғылымымен өте тығыз байланысты. Өйткені, фонология ғылымы тілдің дыбыс құбылысы мен ондағы дыбыстардың қызметін зерттейді.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Түркі тілдерінің грамматикалық құрылысына аналитизм кең тараған және түрлі қызмет атқарады, соған орай, тілде аналитизм құбылысы алуан түрлі сипат алады, ол қыры сыры мол тілдік құбылысқа жатады. Аналитизм тюркологияда актуалды проблемалар қатарында болса, сол проблеманың күрделі бір тармағы-етістік аналитизмі. Бұл пәнде етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы, етістіктің екі, үш, төрт морфемалы аналитикалық форманттары, тіркесімі, мағыналық ерекшелігі, көп мағыналығы, көмекші етістіктердің ортақ аналитикалық форманттары және аналитикалық форманттардың етістік құрамындағы жалпы орны қарастырылады.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Шерхантану.</p>
3 ТК/КВ	5	<p><b>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Қазақ тілін оқытудың әдістемесі</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины:</b> «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» курсының негізгі мақсаты – білімгерлерге мектепте қазақ тілін оқыту процесінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Қазақ тілінің барлық салаларымен терең таныс болуы керек.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> Қазақ тілін оқыту әдістемесінің даму тарихын; Қазақ тілі пәні бағдарламасы - мемлекеттік құжат екендігін, оқулық пен оқу құралдарының маңызын; Календарлық, тақырыптық, сабақ жоспарларын жасау әдістемесін. Сабақ түрлері мен оқыту әдістерін; Қазақ тілінің салаларын оқытудың әдістемесін; Тіл дамыту жұмыстарының түрлерін; Оқушы білімін есепке алу мен бағалауды; Үйге тапсырма беру, оны тексеру, бағалаудың критерийлерін;</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> Қазақ тілі пәнінің бағдарламасы, оқулық, оқу құралдарын оқу-тәрбие ісінде пайдалана білуі керек; Календарлық, тақырыптық, сабақ жоспарларын жасау әдістемесін жан-жақты игере білуі керек;</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> Қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы студенттердің білім деңгейлерін тереңдете отырып, осы саланы зерттеген ғалымдардың ой-пікірлерімен танысып, ой түйіндеу. Қазақ тілін оқыту барысында пайдаланылатын әдістерді кеңінен қолдануға дағдыландыру.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс- тәсілдерін, инновациялық-педагогикалық технологияларды игерген, технологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашылық педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім, зерделі оқытушы болуын қажет етеді. Бүгінгі таңда қозғалып жатқан ең өзекті мәселелердің бірі білім беру жүйесінде жаңа электрондық технологияны енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану, жетістіктері мен жеке тұлғаларды қалыптастыру және қазіргі заман талабына сай білім алуға қажетті жағдайлар жасау. Білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу әдістемелік жүйеге, оқытушылар алдына жаңа талаптар мен міндеттер туралы қамтылады.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Қазақ тілін оқыту барысында тіл үйренушілердің мемлекеттік тілді жақсы меңгеруін ұйымдастыру қазақ тіліндегі жекелеген тіл бірліктерінің бірлесе келіп, жинақталған ұғым жасауына жетекші қызмет атқарады. Қазақ тіл бірліктерінің болмысы туралы жаңа аспектідегі білім мазмұнын алу тетіктері мен ұстанымдарын анықтау таным теориясын негіз ете отырып, жасалатын арнайы әдістеменің кешенді проблемаларын зерттеуге алып келеді.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Қазақ тілінің тарихи грамматикасы.</p> <p><b>Постреквизиттер/ Постреквизиты:</b> Стилистика және тіл мәдениеті.</p>

		<p><b>2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Тілді мектепте оқыту әдістемесі</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины:</b> қазақ тілін оқыту процесінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b>Қазақ тілінің барлық салаларымен терең таныс болуы керек.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> Қазақ тілі сабақтарында көрнекіліктер мен техникалық құралдарды пайдаланудың тиімді жолдарын; Сыныптан тыс жұмыстар. Оның сыныптағы қазақ тілі сабақтарымен тығыз байланыстылығын, оны ұйымдастырудың тәсілдерін; Факультативтік сабақтарды жүргізу әдістемесін.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> Қазақ тілінен тілдік талдаудың жолдарын тиімді қолдана білуі керек; Тіл дамыту жұмыстарын жүргізе алуы керек; Қазақ тілі сабақтарында көрнекіліктер мен техникалық құралдарды пайдалана алуы керек; Сыныптан тыс жұмыстар және факультативтік сабақтарды жүргізу әдістемесін меңгеруі керек.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> Қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы студенттердің әдебиетші-педагог ретіндегі біліктілігін жетілдіру.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Қазақ тілін мектепте өткізу барысында танымдық үдерістің небір күрделі түрлері өтіліп, адамның рухани әлемі қалыптасып жатады. Оқу үрдісінің танымдық үдеріс ретіндегі сыртқа қарапайым, ал ішкі мазмұны адам қалыптастыратын мүмкіншілігі айқындала түседі. Қазақ тілін оқыту барысында тіл үйренушілердің қазақша ойлауы мен еркін сөйлеу тілін дамытуды маңызды орын алады.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> қазақ тілінің төл дыбысының, сөзінің сөз тіркесінің, сөйлемнің өзіндік болмысын танып-білу барысында ғана және сол үшін ғана емес, жүйе теориясының заңдылықтарын ғылымның барлық саласында қолдану жолдарын меңгеру қажет екенін түйсігімен түйсінуді барысында ғана қалыптасады. Мұғалімнің дұрыс қойған талаптары мен тапсырманы орындау алгоритмдерінің бірізді тәртіптелген жүйесі оқушыны саналылықпен білім алуға дағдыландырады.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b>Қазақ тілінің тарихи грамматикасы.</p> <p><b>Постреквизиттер/ Постреквизиты:</b>Стилистика және тіл мәдениеті.</p>
4 ТК/КВ	5	<p><b>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінің мақсаты әдебиеттің сөз өнері, әрі ғылым ретіндегі ерекшеліктеріне сүйене отырып, оны «халқымыздың көркем тарихы» өмір оқулығы дәрежесінде оқытып, үйрету.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Негізгі теориялық әдістемелік ұстанымдарын; қазіргі ғылым парадигмасындағы әдебиеттің өзекті бағыттарын, олардың маңызды мәселелері мен жетістіктерін; әдебиеттану зерттеулерінің әдістері мен амалдарын білу керек</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> оқушының әдебиетке қызығушылығын қалыптастыру, олардың әдеби қабілетін дамытуда қажетті біліммен, біліктілік дағдыларымен қаруландырып жеке тұлғаның жан – жақты дамуына үлес қосып қолана білуі керек</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> жоғары теориялық және әдістемелік деңгейде ұйымдастыруға; игерген білімінің тұтас кешенін және компетенттік аспектідегі біліктілігін іс жүзінде қодануға және жүзеге асырып меңгеруі керек</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> өз мамандығына қатысты сұрақтарды талдауда, әдістемелік тәсілдерді сабақта пайдалануда, тақырыпты қолжетімді материалдар негізінде жеткізуде</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі – ғылыми пән. Көркем шығарманы оқыту. Әдебиетті оқытудың әдіс-тәсілдері. Оқушылардың әдеби-теориялық білімдерін қалыптастырудың маңызы. Көркем шығарманы оқыту. Әдебиет бойынша сыныптан тыс оқу және сыныптан тыс жұмыстар. Көркем шығарманы жанрлық ерекшеліктеріне қарай оқыту. Әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту. Жазба жұмыстарына қойылатын талаптар қамтылады.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі – ғылыми пән. Көркем шығарманы оқыту мен әдебиетті оқытудың әдіс-тәсілдері қамтылады. Оқушылардың әдеби-теориялық білімдерін қалыптастырудың маңызы, көркем шығарманы оқытудың әдіс-тәсілдері, әдебиет бойынша сыныптан тыс оқу және сыныптан тыс жұмыстар, көркем шығарманы жанрлық ерекшеліктеріне қарай оқыту, әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту мен жазба жұмыстарына қойылатын талаптары жан-жақты талданады.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b>Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемі.</p>

		<p><b>Постреквизиттер/ Постреквизиты:</b>Жалпы тіл білімі.</p> <p><b>2. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Әдебиетті мектепте оқыту әдістемесі.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Әдебиетті оқыту әдістемесі туралы ғылыми-теориялық білім бере отырып, оның болашақта зерттелуге тиісті проблемаларына байланысты білімгерлерді ғылыми ізденіске баулып, олардың шығармашылық ой-пікірін жетілдіріп отыру. Морфологиялық типтерін анықтау.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Қазіргі қазақ әдебиетінің тарихын, оның өзіндік ерекшеліктерінің элементтерін, толық бағдарлау.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b>Ғылыми мәліметтер қорын молайту қажет.</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> пәннің игеру барысын филологиялық талдау жасауға, мәтіндермен жұмыс жүргізе білу.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> Әдебиеттің әдістемесін игеруде озық педагогтардың тәжірибелерін қолдануға, әдіс-тәсілдерді меңгеру. игеруі тиіс: теориялық білімді практикамен ұштастыруді, тіл фактілерін нақты танып, олардың сөйлеу мәдениетін, жазу сауатын қолдануді игеру.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> пән бойынша қазақ тілінің ұлттық жоғары игілігі, рухы екендігін басты ұстаным ете отырып, әдебиеттің жеке салаларын оқыту, болашақ мұғалімдерді әдебиет пәнін оқыту әдіснамасының теориялық негізі, қазақ орта мектептерінде әдебиеттің оқытылу жайы, сапасы, оқулықтары мен бағдарламалары қамтылған.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Жалпы білім беретін орта мектептегі жетекші пәндердің бірі – қазақ әдебиет пәнінің өзіндік ерекшеліктері, оқу жүйесіндегі алатын орны. Қазақ әдебиетінің мектептегі оқу пәні ретінде алатын орны, оған арналған бағдарламалардың құрылысы. Пән бағдарламасының мемлекеттік құжат екендігі. Әдебиет пәнінің бағдарламасының әдебиеттану, педагогика, психология ғылымдарымен байланысты. Бағдарламаның жаңарып жетіліп отыратындығы, методикалық аппараты. Қазіргі кезеңдегі әдебиет пәнінің мазмұны мен оны жаңартудағы ізденістер. Бағдарлама жасау талаптары. Әдебиетті оқыту мазмұнының бастауыш оқу (1-1У), әдебиеттік оқу (У-УШ) әдебиет тарихы курсының негізі болып құрылатыны, мақсаты мен міндеттері. сыныптардағы әдебиет курсы. Бұл сыныптардағы әдеби эстетикалық түсініктері мен көркем шығарманы қабылдау ерекшеліктері. Оқу материалдарының жанрлық, хронологиялық принципке негізделетіні.Х-ХІ сыныптардағы әдебиеттің тарихы әдеби принциппен жүйелі түрде оқылатыны. Оқу материалдарының шолу және монографиялық түрде болатыны. Жазушы өмірбаяны, әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту. Оқушының көркем шығарманы оқып-түсінуіне оны жазған автор туралы мәлімет қажеттілігі. У-УШ сыныптарда жазушының өмірбаяны оқу материалына сәйкес кіріспе ретінде болатыны. ХІ сыныптарда жазушының идеологиялық, адамгершілік, эстетикалық мұрат-мақсатарымен таныстыруға арналған сабақтардың түрлері. Әдеби-теориялық ұғымдар – көркем шығарманы оқып-үйренудің құралы. ІХ-ХІ сыныптарда берілетін әдеби-теориялық ұғымдар, олардың көлемі, қалыптасу жолдары. Жоғары сыныптарда берілетін әдеби-теориялық ұғымдардың күрделене түсуі, оқытылу ерекшеліктерін, оқушыларға әдеби білім берудегі орны. Әдебиет пәнінің мұғалімі. Мұғалімнің әдебиетті оқытудағы орны, оған қажетті кәсіби, адамдық, азаматтық өлшемдері. Орта мектеп пен жоғары мектептердегі түбірлі бетбұрыстар. «Қазақ орта мектептеріндегі білім мазмұнының тұжырымдамасы» (1991 ж.) оның мазмұны-мәні, ғылыми методикалық негіздері қамтылады.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b>Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b>Қазақ әдеби сынының тарихы.</p>
5 ТК/КВ	5	<p><b>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b>Қазіргі қазақ поэзиясы</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Поэзиядағы, өлең-жырлардағы бейнелі, өрнекті сөздер әлдеқандай бір ерекше сұлулап сөйлеуге әуестіктен емес, эстетикалық сезімнен, образды, бейнелі ойдан, дүниені ақынша, суреткерше қабылдау. Өлеңге өлеңмен жазылған шығармадағы әрбір суретке, әрбір сөзге поэзиялық сәулет, поэзиялық нәр, көрік беретін нәрсе – ақындық ой-сезімнің тереңдігі мен көркемдігін сезу.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Ақын шығармаларын толықтай білуі керек, қай ғасырға жататынын ажырата білу</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b>Әлемдік поэзия жанрын білу</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> Оқуға, мәтінді жаттауға, мәнерлеп оқуға дағдылану</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b>Теорияны практикамен ұштастыру</p>

	<p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Қазіргі қазақ поэзиясы мағыналық, құрылымдық жағынан жаңа бір сипатта дамып келе жатқандай сезіледі. Өлеңнің түрленуі, сөз талғампаздығы, бейнелілік, автордың теңеулері, ақын жеке «меніне» сұрақ қоя білуі, сол арқылы қоғамдағы психологиялық қайшылықтарды ақтара білуін қадап айтуға міндеттіміз. Мұндай жаңалықтар әдебиеттің қай дәуірінде де болған, алайда өлең өрісіндегі ізденістер бір-біріне ұқсамайды. Қазіргі жастар поэзиясының постмодерндік сипатта дамып, өрістеуіне біршама жылдар, ізденістер қажет болды. Қазіргі жастар поэзиясының эстетикалық, ырғақтық түрленуіне еңбек сіңірген: Е.Раушанов, Т.Әбдікәкімов, С.Томанов, Г.Салықбай, Н.Мәукенұлы, А.Ыбыраев, Ә.Ботпанов, Б.Үсенов, М.Райымбекұлы шығармашылығы қамтылған.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Поэзия сөздің ырғақтық құрылысына, ұйқасына негізделеді. Поэзия ұғымы өлеңмен жазылған шығармаларды көркем прозадан ажырату үшін қолданылады. Поэзия мен прозаның айырмасы тек сыртқы белгісіне қарап анықталмайды. Поэзиялық шығармаға сезім күйі, әсерлілік тән, ал прозалық туындыларда баяндау, бейнелеу жағы басым келеді. Поэзияның көркемдік сипаты мен бейнелеу құралдарын, тілдің ырғақтық, интонация байлығын қолдануында елеулі өзгешеліктер бар. Поэзиялық шығармаларға тән айрықша қасиет-өмір құбылыстарын терең эмоциялық сезімталдықпен қабылдап, соған сәйкес әсерлі, тартымды көркем бейнелеу. Алайда поэзияда адамның ой-сезімі әдейі сырттай көркемделмейді, әдебиет пен өнердің басқа салаларындағы көркемдік, бейнелілік ойлау жүйесіне, сезім дүниесіне тән. Ой-сезімнің бейнелілігі шығарманың көркем пішініндегі әр алуан өзгешеліктердің тууына негіз болатындығы қарастырылады.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Қазақ әдеби сынының тарихы.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Әдебиет теориясы.</p> <p><b>2. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Қазақ лирикасы.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Курс түгелдей алғанда бүгінгі күні жалпы халық қолданып жүрген қазақ әдеби тілінің (ауызекі, жазба варианттарының) фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйесін ғылыми-теориялық негізде танытуды мақсат етеді. Өткен ғасырдағы ғылым мен мәдениет салаларында етек жайған ақтаңдақтардың орнын толтыруға, халықтың шынайы рухани мұрасын сын көзбен қайта ой елегінен өткізіп, өзіне қайтаруға жағдай жасады. Көптеген жылдар бойы ұмыт болған жазушылар, ақындар, философтар, тарихшылар шығармашылығына әділ баға беріліп, бұрын «тыйым» салынған бір қатар мәселелер өзекті деп танылды.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Ақын-жазушылардың шығармаларын толықтай білуі керек, қай ғасырға жататынын ажырата білуі керек, пәндегі ұғымдар мен категорияларды эстетика қағидаларымен тамырлас алып, жан-жақты терең қамта білуі керек</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> Әдеби сын тарихы пәні әдебиеттегі басты ағымдар мен бағыттарды ажыратуға, көркем туындылардың жанрлық ерекшеліктерін талдау</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> Тарихи әдеби процестердің негізгі ерекшеліктерін, оның әдебиет пен мәдениеттің келешектегі дамуына дүниетанымдық, көркемдік, ұлттық ерекшеліктерінің құрылуын меңгеруі керек. игеруі тиіс: Халық ауыз, хандық, ежелгі және тарихи көркем, лирика, поэма, дастан, романдар туралы игеру білімдерін сабақ барысында қолдана білуі керек</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> Тарихи әдеби процестердің негізгі ерекшеліктерін, олардың әдебиет пен мәдениеттің келешектегі дамуына дүниетанымдық, көркемдік, ұлттық ерекшеліктерінің құрылуына әсер етуін талқылауда құзыретті болуы керек.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Шығармашылық бағыттағы ой-толғаулар, өзіндік пікірлер, ғылыми мақалалар мен аннотациялар, түйіндемелер, сараптама. Және де М.Әуезовтен бастау алатын қазақ әдеби сынының зерттеушілері: Т.Кәкішев, Д.Ысқақұлы, Р.Нұрғали, Т.Қожақеев, С.Әшімбаев және т.б зерттеушілердің еңбектерінің негізінде әлемдік сыни еңбектермен байланысы мен айырмашылығы туралы мәліметтер қарастырылады. Қазақ халқының рухани өмірінің көрінісі боп саналатын әр кездердегі әр алуан дәрежедегі, әр түрлі жағдайда сөз ұстаған арқалы ақындары мен тереңнен толғайтын абыз-жырауларының шығармашылық болмысы тұрасында белгілі бір жүйеге түскен сындарлы ұғым, білім қорын қалыптастыру. Халықтың ауыз әдебиеті мен жеке авторлар шығармашылығының рухани үндестік табуы арқылы жасалған асыл қазына – ұлт әдебиетінің нәрлілігі мен әрлілігіне тұщындыру арқылы, олардың туған ұлтына деген мақтаныш сезіміне дем беру, сол арқылы студенттердің санасын сәулелендіру.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Шығармашылық бағыттағы ой-</p>
--	---

		<p>толғаулар, өзіндік пікірлер, ғылыми мақалалар мен аннотациялар, түйіндемелер, сараптамалар. М.Әуезовтен бастау алатын қазақ әдеби сынының зертеушілердің еңбектерінің негізінде әлемдік сыни еңбектермен байланысы мен айырмашылығы туралы мәліметтер қарастырылады. Қазақ халқының рухани өмірінің көрінісі боп саналатын әр кездердегі сөз ұстаған арқалы ақындары мен тереңнен толғайтын абыз-жырауларының шығармашылықтары қамтылған.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Қазақ әдеби сынының тарихы.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Әдебиет теориясы.</p>
6 ТК/КВ	6	<p><b>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Әдебиет теориясы</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Пәнді оқып білудің мақсаты– білімгерлерді әдебиеттану ғылымы дамуының негізгі кезеңдерімен және оның өзекті және негізгі проблемаларымен, әдебиеттің көркемөнер ретіндегі негіздерімен таныстыру; білімгерді сөз өнерінің басты тектері мен түрлерінің дербес табиғатын жете танып білуге жетелеу, ғылыми әдістерді қолдануға, әдебиеттегі басты ағымдар мен бағыттарды ажыратуға үйрету, ең бастысы білімгерлердің ғылыми дүниетанымын қалыптастыру.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> әдебиеттің негізгі құралы – сөз екендігін, сөз құдіреті мен поэтикалық қуатының негізгі қағидағтарын.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> ғылыми талдауға дербес және сыни ойлауға, оқу пәндерін игеру үшін белгілі бір методологиялық базасын білу;</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> әдебиеттану ғылымы жайындағы белгілі әдебиеттанушы-ғалымдардың негізгі идеяларыды меңгеру.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> гуманитарлық пәндер жүйесіндегі әдебиеттану ғылымының орнын, әдебиеттің нысаны мен пәнінің спецификасын, неғұрлым өзекті проблемаларды айқындап, ғылым туралы, оның құрылымы, формалары мен әдістері туралы, негізгі әдеби ағымдар мен бағыттардың дамуы мен негізгі ерекшеліктері туралы түсінігі, әдебиеттің теоретикалық, қолданбалы, құндылықтық аспектілерін айқындауға деген машық-мәнері, күнделікті өмірде және кәсіби өмірге қатысты практикалық шешімдерді негіздеу үшін оларды қолдана білу шеберлігі болуы тиіс.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Сөз өнерінің әр алуан тектері мен түрлерін туғызған тарихи жағдай. Эпос. Лирика. Драма. Бұлардың адам характерін жасаудағы ерекшеліктері мен өмір шындығын суреттеудегі бірлігі. Жанрлық тектелудің шарттылығы. Эпикалық шығармалардың негізгі түрлері:ертегі, мысал, очерк, әңгіме, поэма, повесть, роман, эпопея. Әдеби бағыт, әдеби ағым, әдеби мектеп-әдеби дамудың формалары. Әлемдік әдебиеттегі әдеби ағымдар жайлы.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Шығармашылық және көркемдік әдіс мәселесі. Көркемдік әдістер тарихына шолу. Көркемдік әдіс, стиль, әдеби ағым. Дүние тану, өмірге көзқарас және көркемдік әдіс. Көркемдік әдіс – суреткердің өмір құбылыстарын таңдау, талғау және жинақтау принциптерінің қосындысы. Стиль туралы түсінік. Романтизм, реализм олардың ерекшеліктері. Әдебиет пен өнер хақындағы толғаныстар қарастырылады.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b>Қазіргі қазақ поэзиясы.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b>Стилистика және тіл мәдениеті.</p> <p><b>2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Қазақ әдебиетінің теориясы</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> әлемдік әдебиеттің даму тарихын бейнелейтін философиялық идеялардың қалыптасуы мен даму тарихын оқыту; әдебиеттің халықтық сипатын баса көрсетіп, көркемөнер ретіндегі қызметін, оның философиялық, ғылыми және діни суреттемелерінің проблемаларын және негізгі ұғымдарын және адам өміріндегі рөлдерін ұғындыру;</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> әдебиеттанудың ғылым ретіндегі негізгі ұғым-түсініктері мен заңдылықтарын, көркем шығарманы талдау жолдары мен сөз зергерінің сстильдік ерекшеліктерін білу</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> интеллектіні дамыту және таным көкжиегін кеңейту, шығармашылық қызметке үздіксіз білім алу қажеттілігі</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> әдебиеттану ғылымы жайындағы белгілі әдебиеттанушы-ғалымдардың негізгі идеяларыды меңгеру.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> әдебиеттің теоретикалық, қолданбалы, құндылықтық аспектілерін айқындауға деген машық-мәнері, күнделікті өмірде және кәсіби өмірге қатысты практикалық шешімдерді негіздеу үшін оларды қолдана білу шеберлігі болуы тиіс.</p>

		<p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Әдебиет туралы ғылым және оның салалары. Әдебиеттану ғылымының басқа ғылым салаларымен байланысы. Алғашқы эстетикалық ой-толғамдар. Әдебиеттің эстетикалық мәні. Аристотель, Әл-Фараби, Абай, т.б. өнер, әдебиет туралы ой-пікірлері. Көркемөнер жайында түсінік. Өмірді образды түрде бейнелеудің шыншылдығы, типтілігі, нақтылығы, эстетикалық тұрғысы. Әдебиеттің таптық, халықтық сипаты. Әдебиет пен саясат. Мазмұн мен пішіннің диалектикалық бірлігі. Мазмұнның пішіннен басымдылығы. Олардың өздеріне тән ерекшеліктері. Көркем шығарманы мазмұн мен пішін тұрғысынан талдау.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Тілдің халықтық қасиеті. Поэтикалық тілдің ерекшеліктері. Сөздің көп мағыналылығы мен троптар. Көркем шығарманы айшықтау мен құбылту. Көркем шығарманың жанрлық ерекшелігі және тілі. Поэзия мен проза. Өлеңдегі ырғақ пен буын мәселесі. Өлең жүйелерінің даму тарихы. Буындық өлшем және оның түрлері. Ұйқас және оның шумақта атқаратын рөлі. Әдеби процесс-әдеби даму. Көркемдік даму заңдылықтары. Әдеби даму мен дәстүр жалғастығы. Дәстүр мен жалғастық. Туған әдебиетіміздегі көркемдік дәстүрлер турасындағы мәліметтер қамтылады.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b>Қазіргі қазақ поэзиясы.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b>Стилистика және тіл мәдениеті.</p>
7 ТК/КВ	5	<p><b>1. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Стилистика және тіл мәдениеті.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Студенттерге тіл мәдениеті мен стилистика туралы жүйелі теориялық білім алуына оны тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға негізделеді. Бұл пәнді оқытудағы мақсат-студенттерге лингвистикалық стилистиканың бағыттары және негізгі қағидалары туралы, әсіресе функциональдық стильдер мен тіл ярустарының стилистикалық мүмкіндіктері туралы білім беру, кез-келген мәтіннің қай стильге жататынын ажырата білуге үйрету.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> стилистика және сөйлеу мәдениетін меңгеру арқылы өз ойын тиянақты, жүйелі жеткізуі, мәдениетті, сауатты сөйлеуі, тек әдеби тілді пайдалана білуі керек. Сөз қателіктері, сөйлеу нормалары, лингвистикалық экология, лингвистикалық болжау орталықтарын игеруі тиіс.</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b>стилистика туралы түсінік алу, лингвостилистикадан тілдік құралдарды талдау, әдеби тіл мен стилистиканың ерекшелігін анықтау, функциональдық стилистика түрлерін талдау, ауызекі сөйлеу стилін қызметіне қарай ажырату, іс-қағаздары мен ресми стиль лингвистикасын талдау, ғылыми стильдің экстралингвистикалық белгілері мен лингвистикалық ерекшеліктерін меңгеру,</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> Ғылыми ұғымдар мен категорияларды эстетика қағидаларымен тамырлас алып, жан-жақты терең меңгеруі керек.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b>Жалпы халықтық тіл және оның нормаларын, функциональды стилистиканың түрлерін айқындауда құзіретті болуы керек</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Стилистиканың зерттейтін мәселелері. Функциональдық стилистика. Стилистика ғылымының ұғымдары мен категориялары туралы. Стилистикалық коннотация. Функциональдық стилистика. Ауызекі сөйлеу тілі. Ресми стиль. Ғылыми стиль. Публицистикалық стиль. Көркем әдебиет стилі (тілі). Тіл ярустары лингвистикасы. Грамматикалық стилистика. Безендіру стилистикасы туралы мәліметтер берілген.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Стилистикада ең басты назарда болатын екі бағыт. Жалпы стилистика тілдің қай топқа, қай класқа жататынына қарамастан, тіл атауларына ортақ стилистикалық проблемалар мен мәселелерді қозғайды. Лингвистикалық стилистиканың анықтамасы, басты ұғымдары мен категориялары, әр түрлі топтарға жіктелуі. Салыстырмалы - салғастырмалы стилистика әр тілдің ярустарында ұлттық өзгешеліктердің болатыны сияқты, тілдік құралдардың қолданылуына да бір заңдылыққа бағына бермейтіндігі туралы. Стилистиканың салыстырмалы және салғастырмалы түрлері, ұқсастықтары мен айырмашылықтары берілген.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b>Көркем әдебиет стилистикасы.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b>Педагогикалық практика.</p> <p><b>2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины:</b> Көркем әдебиет стилистикасы.</p> <p><b>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины:</b> Қазақ тілінің стилистикасы және тіл мәдениеті-қазақ тіліндегі стильдің құрылымы мен түрлерін танытады және мәдени сөйлеуге үйретеді.</p> <p><b>Білуі тиіс/Знать:</b> Қазақ тілінің стилистика арқылы өз ойын тиянақты, жүйелі жеткізуі, мәдениетті, сауатты сөйлеуі, тек әдеби тілді пайдалана білуі керек. Сөз қателіктері,</p>



	<p>сөйлеу нормалары, лингвистикалық экология, лингвистикалық болжау орталықтарын игеруі тиіс</p> <p><b>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь:</b> стилистика туралы түсінік алу, лингвостилистикадан тілдік құралдарды талдау, әдеби тіл мен стилистиканың ерекшелігін анықтау, функциональдық стилистика түрлерін талдау, ауызекі сөйлеу стилін қызметіне қарай ажырату, іс-қағаздары мен ресми стиль лингвистикасын талдау</p> <p><b>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:</b> Ғылыми ұғымдар мен категорияларды эстетика қағидаларымен тамырлас алып, жан-жақты терең меңгеруі керек.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным:</b> Қазақ тілінің халықтық тіл және оның нормаларын, функциональды стилистиканың түрлерін айқындауда құзіретті болуы керек.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины:</b> Стилистиканың зерттейтін мәселелері. Функциональдық стилистика. Стилистика ғылымының ұғымдары. мен категориялары туралы. Стилистикалық коннотация. Функциональдық стилистика. Ауызекі сөйлеу тілі. Ресми стиль. Ғылыми стиль. Публицистикалық стиль.</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание:</b> Көркем әдебиет стилі. Жалпы сипаттамасы. Көркем әдебиет стилінің түрлері. Көркем әдебиет стилі туралы көзқарастар. Көркем әдебиет тілінің эстетикалық қызметі. Көркем әдебиет тілі мен әдеби тіл. Көркем әдебиет тілі мен ауызекі сөйлеу стилінің арақатынасы. Көркем әдебиет стилі мен публицистикалық стильдің арақатынасы. Көркем әдебиет стилінің көп стильдік болып келетіндігі. Шығарманың көркем жүйесі. «Автор бейнесі» туралы түсінік. Көкем әдебиет тілін зерттеудің аспектілері.</p> <p>Көркем әдебиет тілінің әдебиеттің жанрларына байланысты әр түрлі көрінісі. Көркем әдебиет тілінде диалектизмдер мен кәсіби сөздердің қолданылысы. Көркем шығармадағы архаизм мен историзм. Табу мен эвфемизмнің көркем шығармадан алатын орындары туралы мәліметтер.</p> <p><b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> Жалпы тіл білімі.</p> <p><b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b> Педагогикалық практика.</p>
--	--